

Екі айда бір шығатын, мектепке дейінгі сәби тәрбиесіне арналған, ғылыми әдістемелік, педагогтік журнал

№1 (208) қаңтар-ақпан 2022 жыл
Журнал 1994 жылдан бастап шыға басталды

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор — Дуанбекова Бейбіткүл Сатыбалдықызы
Бөлім редакторы — Әсем Ғабиденқызы
Дизайнер — Әмір Әбсадық

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Әбішқызы Сайраш
Бәтбаева Сәуле
Бейсенбиева Күләш
Беркімбаева Шамша
Жұмабекова Фатима
Қалыбаева Рахима
Шимашева Рахат

Теруге жіберілген күні 7.02.2022
Басуға қол қойылған күні 14.02.2022
Таралымы 600
Қалпы 84х108
Копьютерлік басылым
Баспа табағы 4,0
Шартты баспа табағы 4,67
Тапсырыс 35
Индекс 75745

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы қаласы
Халиуллина көшесі 212/25
Ұялы тел: 8 701 258 89 26,
8 747 723 62 84

Электронды пошта:
duanbekova58@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №8955-Ж куәлігі берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Отбасы және балабақша» ЖШС
«VEDA PRESS» баспаханасында басылды.
тел. +7 (727) 266 55 87
тел. +7 (727) 266 27 65
© «Отбасы және балабақша».
№1 (208) қаңтар-ақпан 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

ТӘРБИЕШІ, СІЗ ҮШІН: ОҚЫ, ҮЙРЕН, ҚОЛДАН

БИДАЙБЕКОВА А. К. «Мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті тәрбиені ұйымдастыру»	2
ТОЙГАНБАЕВА К.Т. «Баланың танымдық қабілетін дамытуда қолданылатын жобалау технологиясының тиімділігі»	4
ХУСАИНОВА А. Б. «Балабақшада қазақ тілін үйрету бойынша білім беру кеністігін тиімді ұйымдастыру»	6
СУЛТАНОВА Н.Д., САДЫРОВА Ш. Ф. «Мектеп жасына дейінгі балаларды инженерлік-техникалық құрастыру және робототехниканың қарапайым негіздеріне оқыту»	8
ИЛЬЯСОВА Л.М. «Online режимінде ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жобасы»	10
БАТЫРОВА Х.Ж. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы»	12
СУЮНДУКОВА Ш.У. «Ұлттық ойындарды дене тәрбиесінде қолданудың тиімді тәсілдері»	13
УТЕШОВА Д., ЖАЙШЫЛЫҚ А. «Балабақшада серуенді ұтымды ұйымдастырудың жолдары»	14
СИСЕНОВА Н., ЕСКЕНДИРОВА Ұ. «Ұлттық құндылықтар - баға жетпес байлығымыз»	15

БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАМЫЗДА

БАЛҒАБАЕВА Д.С., РАЕВА С.К. «Балабақшада әдістемелік жұмысты үйлестірудегі тәлімгерлер мектебінің тиімділігі»	16
БАКТЫБАЕВА Н.О. «Ғажайып ғарыш әлемі»	18
ИБРАГИМОВА А.А. «Ұлттық көрмеге саяхат»	20
ТАСКЫМБАЕВА А.Ж. «Асық ойнаған озар»	21
ЖОЛДЫБАЕВА Н.С. «Білімді мыңды жығады»	23
КИРБАЕВА И.Е. «Сан және санау»	24
МУКАТОВА Д.М. «Қызықты математика»	25
БЕСПАЕВА Г.Т. «Мектепке дейінгі ұйымда білім беру мазмұнын жаңарту»	26
АХМЕТОВА У.С. «Балабақшадағы интеллектуалды ойындар»	27
АКЫШЕВА А.Е. «Қызықты математика»	28
ЖУМАГАЛИЕВА С.Т. «Көңілді сандар және пішіндер»	29
МУХАМЕТЖАНОВА К.А. «Зерде» — көңілді тапқырлар клубы	30
НУГМАНОВА Б.Т. «Ғажайып математика»	31
ТОМПАКОВА Ж.М. «Кеністікті бағдарлау»	32

БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ

ИШАНГАЛИЕВА Н.К. «Мектепке дейінгі ұйымдарда 4К моделін оқыту — тәрбиелеу үдерісінде жүзеге асыру»	37
ТУЙГОЖИНА С.Е. «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану»	38
АМАНОВА Л.О. «Мектеп жасына дейінгі балаларға тақпақ үйретіп, жаттатудың маңызы»	39
ХИТАРОВА Н.З. «Сенсорлық ойындар арқылы баланың ой-өрісін және ұсақ қол моторикасын дамыту»	40
КУАНАЕВА Ә.А. «Ғажайып математика»	41
КЕНЖЕГАРИНА З.Х. «Шалқан» ертегісі	42
КАПУОВА Г.О. «Менің мейірімді отбасым»	43
ТӨРЕБАЕВА Г.Т. «Бар мейірім балаларға»	44

ТӘСІЛ НЕГІЗІ – ТӘЖІРИБЕ

АБУТАЛИЕВА А.И. «Менің отбасым»	46
КУПЕНОВА Д.Н. «Туған жер — алтын бесігім»	47
ДЖАНСЫКБАЕВА Д.Р. «Қазақстан — кең байтақ, туған өлкем!»	48
НАУРЗАЛИНА М.Б. «Қылқалам» еліне саяхат	49
ИСАТАЕВА Ә.З. «Аңдардың қысқы тіршілігі»	51

ВОСПИТАТЕЛИ ДЕЛЯТСЯ ОПЫТОМ

ХАЙРУШЕВА Г.Д. «Играя изучаем русский язык»	52
АСМАГУЛОВА Г.М. «Поле чудес»	54
МАМЫРХАНОВА А.Б. «Путешествие в страну необыкновенных игр»	56
КУШМАГАНБЕТОВА М.С. «В гостях у сказки»	57
ТУРГАНОВА У.Н. «Сказка глазами детей»	59
ДАНИЯРОВА Н.С. Сказка «Репка»	60
НУРЫМБЕТОВА К.Б. «Кошки и собаки наши верные друзья»	61
СКАКОВА Ш. С. «Моя Родина — золотая колыбель»	62
ИЩАНОВА А. У. «Воздух вокруг нас»	63
ДУБОВЕНКО И. В. «В гости мы друзей позвали, в инструменты заиграли»	64



«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ»



БИДАЙБЕКОВА Айгуль Кунанбекқызы,
Алматы қаласындағы
МКҚК №159 бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі,
ҚР білім беру ісінің құрметті
қызметкері, «Ұлағатты
ұстаз» төсбелгісінің иегері,
Республикалық «Үздік сабақ»
конкурсының лауреаты

Инклюзивті білім беру — дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірге тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру формасы. Ол мектепке дейінгі білім берудің құрамды бөлігі болып саналады. Сондай-ақ, білім берудің жалпыға қолжетімді болуын, барлық балалардың түрлі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруды қарастырады. Дамуында кемшілігі бар балалардың да білім алуына мүмкіндік береді. Балаларға сапалы білім беруді қамтамасыз етіп, олардың әлеммен байланыс жасаудағы және тұтас қоғамға кірігуі жолындағы кедергілерді жоюға жәрдемдеседі.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті жағдайында мектепке дейінгі білім берумен қамту. Қалыпты дамып келе жатқан балалар ортасында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру және әлеуметтік кіріктіруді жүзеге асыру.

Міндеттері: Баланың дамуындағы ауытқушылықтарды түзету; қарым-қатынас, танымдық, ойындық және басқа да белсенділіктерін ынталандыру мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру; ата-аналарды (заңды өкілдерін) өз баласымен ынтымақтастықтың педагогикалық технологияларына, тәрбиелеу мен тәсілдеріне баулу; оларға психологиялық қолдау көрсету.

Күтілетін нәтижелер: Бала дамуындағы ауытқулардың диагнозына сай оқыту әдісін дұрыс тандай алу біліктері, ауытқулар түріне нақты стратегиялар мен әдістемелік ұсынымдарды қолдану тәжірибесі дамиды. Балалардың түрлі даму деңгейіне сай, топтардағы табысты жұмысты қамтамасыз етудің ұсынымдарын игереді.

Инклюзивті білім беру бағыттары: Мектепке дейінгі білім беру жүйесін ізгілендіру әрі демократияландыру; тәрбиелеу мен білім беруде кешенді қолдау алудағы балалар мен ата-аналардың құқығын қамтамасыз ету; мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке дейінгі білім берумен неғұрлым толық қамтамасыз

ету; мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен отбасының күшін біріктіру.

Біздің елімізде 1996 жылдан бері қолданылып келе жатқан Халықаралық білімділік «Step by step» бағдарламасы балаларды қолдауды, қатардан қалдырмауды қамтамасыз етеді. Оның негізіне балалар отбасы мен қоғамдастықтың мүшесі болып табылады. Әр бала білім алуға құқылы. Әр баланың қайталанбайтын бірегей ерекшелігі, қызығушылығы, қабілеті мен қажеттіліктері бар. Балалардың қажеттіліктері назардан тыс қалмай және дербес түрде қанағаттандырылған жағдайда олар жақсы оқиды.

Балабақшалар мен мектептер әр баланың әлеуетін ашуға ұмтылады. Бала ойына адамдардың айырмашылығына шыдамдылық таныту дарытылады, отбасымен өзара қарым-қатынасты нығайтады. Дамуында ауытқулары бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасалуы керек. Инклюзивті білім беру жүйесі кездесіп отырған күрделі жағдаят-оған қоғам тарапынан туып отырған теріс көзқарастарды жою.

Баланы дербестікке қалай үйретуге болады? Бұл мәселе бүгінгі таңда ата-аналарды ғана емес, сонымен бірге мектепке дейінгі білім қызметкерлерін де толғандырып отыр. Балаларды ерте кезден бастап дамытудың жаңа әдістемелері пайда болып жатыр, оның тиімділігі қандай? Сыналған және уақыт сынынан өткен педагогикалық технологиялар бар ма? Бұл сұрақтарға жауап және дамыта оқыту мен тәрбиелеудің бір тармақшасы ретінде Монтессори әдістемесін қолдануға болады.

Монтессори әдістемесінің мақсаттық бағыты: Баланы жан-жақты дамыту; жекелікті тәрбиелеу, оқыту дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын, есті дамыту.

Монтессори кабинеті бес негізгі аймаққа бөлінген: практикалық жұмыстар, математикалық, тілдік, сенсорлық дамыту және ғарыштық.

Баланың өз бетінше қолдануына ыңғайлы түрлі



жабдықтар мен құралдар, оқу ортасын дұрыс жоспарлау мен ұйымдастыру даму деңгейі әртүрлі балалардың әрекет етуін қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының негізгі құралдарының бірі — орта. Орта бала үшін жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибенің көзі. Мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық үрдісінде дамытушы ортаның рөлі зор. Ол балалардың дербес шығармашылық және ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті материалдардан құралған: ой-өрісін дамытатын ойыншықтар және Монтессори материалдары. Оның басты бағыттарының бірі балаларды әлеуметтендіру және оған сәйкес заттық дамытушы орта құру. Заттық ортаны игеру баланың тұлғалық дамуын, бұйымдық әлемге шығармашылық көзқарасын ояту үшін зор маңызы бар. Баланы әлеуметтендіруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақта зерттеледі деген ойдамыз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін кеңейтудің негізі — айналадағы орта мен табиғат құбылыстарын бақылату. Заттық орта жұмысында айналадағы қоғамдық өмір шындығын, табиғат құбылыстарын бақылатып, баланың таным, сезім қабілетін жетілдіру басты рөл атқарады. Балалармен арнайы өтілетін осы жұмыс барысында біз әр заттың атын, сапасын, қажеттігі жайында түсіндіреміз. Баланы заттың атын сөзбен айтуға үйретеміз. Айналадағы қоғамдық өмір, өлі, тірі табиғат құбылысын бақылатқанда да әр объектіні сөзбен атап, түсіндіріп баланы заттық ортаға сөзбен қызықтырып, қабілетін дамытуды көздейміз.

Монтессори материалдары арқылы бала затты түсінеді және оны қолдануға тырысады. Материалдар қандайда бір іс-әрекетке бағытталады. Монтессори тобына қатысатын баланың оқуға деген ынтасы, жұ-

мыста ықылас көрсету қабілеті артады, балада дербестік пайда болады. Қарым-қатынастардың жақсы әдеттерін және ішкі тәртіпті меңгереді. Әдіс, ерік-жігерді жаттықтырады, саналы тыңдау, ашық жоғарғы сезім, еңбексүйгіштік және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын қалыптастырады. Инклюзивті топтарда білім беруді ұйымдастыру негізі мынадай бағыттармен жүргізілуі тиіс.

Жұмыстың диагностикалық бағыттары: Балаға балабақшада консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылауды қамтамасыз етеді. Консилиум құрамына меңгеруші бұйрығымен логопед, практикалық психолог, медбике, топ тәрбиешісі енгізіледі. Консилиум міндеті: баланың денсаулық жағдайын зерттеу (медициналық зерттеу), жетекші әрекет түрінің даму деңгейін анықтау.

Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық бағыты: Жеке басқа тұтасынан әсер ететін шаралар кешенін қарастырады, жетекші әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету.

Жұмыстың жалпы білім беру бағыты: Балаларды қоғамдық тәжірибені меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке оқуға даярлауды қарастырады.

Қазіргі таңда мүмкіндіктері шектеулі балалар саны өсуде. Сондықтан Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мұндай балаларды білім беру үрдісіне тарту үшін арнайы жағдайлар жасалуы қажет. Инклюзивті оқытуда дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірге тәрбиелеп, баланың дүние танымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой-өрісін дамытып, еңбекке баулуда педагогтар тарапынан білімділік, шығармашылық ізденіс пен төзімділік талап етіледі.



«БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ»



ТОЙГАНБАЕВА Кенжиkey
Тойганбайқызы,
МКҚК №159 бөбекжай-
балабақшасының әдіскері

Бүгінгі заман талабына сай Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, саналы ұрпақ тәрбиелеу білімді, жан-жақты педагогтардың еншісінде. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде жаңа әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңартылып, толығуда. Тәрбиеленушілердің тіл байлықтарын дамытып, іс-әрекеттерді қызықты да тартымды етіп өткізу үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде кеңінен қолданамыз. Оларды тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады. Білімді, жан-жақты ұрпақ тәрбиелеу үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіндіктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасауымыз керек. Өйткені, қазіргі заман тәрбиеленушілерінің берілген ақпаратты тез қабылдайтынын, есте сақтау қабілеттерінің жоғары дамығанын байқауға болады. Баланы үнемі әдептілікке баулып, оларды дұрыс жолға бағыттау, білімге деген құлшынысын арттыру біздің басты міндетіміз. Заманға лайық тәрбие, білім беру - тың әдіс-тәсілдерді, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жаңа технологияларды қолдану арқылы әр педагог өзінің терең білімділігі мен біліктілігін, шеберлігін шыңдайды. Педагогикалық технологияны саралап, деңгейлеп оқыту түрі балабақшаларда кең тараған үлгі. Деңгейлік тапсырманың мақсаты – балаға жеңілден-қиынға, қарапайымнан-күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсынып, баланы ізденіске, шығармашылыққа баулу.

Біздің балабақшада осы жобалау технологиясы екі жылдан бері жүйелі түрде іске асырылып келеді. Осы бағытта мақсат-міндеттер қойылып, түрлі іс-әрекеттермен түрлендіріліп тәжірибемізде іске асырамыз. Жобалау технологиясын балабақшада алдымен теория негізінде қарастырып, педагогтармен педагогикалық кеңесте дөңгелек үстел, семинар, іс-тәжірибеде ұйымдастырылып талқыланып практикада қолданылуда.

Жобалаудың негізгі міндеті-тәрбиеленушілерді өмір жағдайында зерттеуге және ізденуге, мәселені шешуге қажетті құралдармен қаруландыру.

Жобалау әдісінің мақсаты, балалардың танымдық шығармашылық дағдыларын, өз бетімен білімін жетілдіруін, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білу іскерлігін, сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Жобалау әдісінің нәтижесінде баланың ізденімпаздығы, қызығушылығы, белсенділіктері артты. Өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланды. Шығармашылықпен жұмыс атқарып, өз ойын ашық айтып, қателігін түзетуге үйренді.

Жобалау әрекеті мектепке дейінгі мекемелердің жұмысының жаңа бағыты болып саналады. Сондықтан жобалау әдісі дамытушы, тұлғалық-бағдарлы оқытумен байланысты және кез келген балабақша типінің мекемесінде кең қолданылуы мүмкін. Жобалау әртүрлі білім саласындағы мәліметтерді кіріктіру арқылы бір мәселені шешуге және оны практикада қолдануға мүмкіндік береді. Жобалау әрекетін қолдана отырып, педагог баланың қоршаған дүниемен өзара іс-әрекеті арқылы бірқатар педагогикалық принциптерді жүзеге асыра алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жобалау әрекетін ұйымдастыруда тұлғалық-бағдарлы әрекеттің екі субъектісін – бала мен педагогтың жеке тұлғасын шығармашылық тұрғыда қарастыру қажет. Бұл әрекеттегі балалардың рөлі де өзгереді: олар процестің енжар статистері емес, белсенді қатысушылары ретінде көрінеді. Балабақшадағы білім беру процесінде жобалау әрекеті элементтерін қолдану баланың табиғи күшіне, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес болады. Құрастырылатын жобалау тақырыбының тұлғалық-бағдары дара сипаты болуы қажет. Ең маңыздысы кез келген жобалау әрекетінің негізінде ізденісті қажет ететін мәселе болады. Тепе-тең қарым-қатынасты болжайтын балалар мен ересектердің бірлескен шығармашылығын ескеру қажет.



Жобалау әрекетінің — «шынайы ойын» екенін білу керек. Жобалаудың нәтижелері осы әрекеттің екі субъектісі үшін маңызды. Балаларды өз бетімен әрекет етуге үйретіп, олардың бастамасын тежемей, тікелей нұсқаулықты қолданбаған жөн. Жобалау әрекеті барысында педагог үшін ең күрделі — тәуелсіз кеңесшінің рөлін қабылдау болып табылады. Кеңес беру барысында балалардың сұрақтарына жауап беру маңызды. Көптеген балаларда пайда болатын мәселені ұжымдық және жалпылама талқылау үшін ойын түріндегі семинар-кеңес беруге болады. Әрекетті орындау барысында балаларда объективті сипаты бар өзіндік қиындықтар пайда болады. Оларды жою жобалау әрекетінің жетекші педагогикалық мақсаттарының бірі болып табылады. Педагогтың рөлі жобалау әрекетінің әртүрлі сатыларында ерекшеленеді. Ол бастапқы білімді тексерушіден, балалардың әрекетін ұйымдастырушыға, кеңесші мен көмекшіге айналады. Ол балалардың шығармашылық әрекеттерін басқарады.

Мектепке дейінгі білім беретін бүлдіршіндердің зерттеушілік қабілеттерін арттыру-заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан біздің ұжым осы бағытта еңбек етуде. Себебі тәрбиеленушілердің бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Бала оқу қызметтерінде іс-әрекеттерін танымдық іс-әрекеттерге бағыттайды. Баланың жобалау әрекетін меңгеруі және нәтижелері тез арада көріне бермейді. Шығармашылық тапсырманы орындаудың әрбір кезеңі арасында тығыз бай-

ланыс болады. Баланы жобалауға баулу педагогтың отбасымен өзара әрекеті арқылы жүзеге асады: тәрбиеші — балалар — ата-аналар. Баланың жұмыс істейтін кез келген жобалау ісі тез арада жүзеге асырылмайды. Шығармашылық тапсырманы орындаудың әрбір кезеңі арасында тығыз байланыс болады. Сондықтан ата-анамен жұмыс істеу маңызды.

Жобалық іс-әрекет тәрбиеленушілерді проблеманы шешуге, іс-әрекеттің мақсатын қоюға және жоспарлауды үйренуге мүмкіндік береді. Өзінің әрекетін және жұмыс барысын талдау, нәтижесін көрсету қабілетін дамытады. Тәрбиеленушілер мен ересектердің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесін макет, плакат, үлгі, сахналық көріністі қолдану арқылы презентация түрінде көрсетуге болады. Балабақша тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ертегіні сахналау барысында, түрлі тақырыптық іс-шара, ойын-сауықтарда, сайыстарда жобалау технологиясын пайдаланады. Педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдарды бөбекжайда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеріп, қабылдау мүмкіндігіне сай қолдануға болады. Мектеп жасына дейінгі балалар затты қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу, әрбір педагогтың негізгі міндеті деп ойлаймын. Біздің ұжымның алдына қойған мақсаты заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып, тәрбиеленушілерге сапалы да терең білім беру, саналы ұрпақ тәрбиелеу.





«БАЛАБАҚШАДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ»



ХУСАИНОВА Анара
Балтайқызы,
Рудный қаласындағы «№12
балалар бақшасы» КМҚК-ның
қазақ тілі мұғалімі


Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. ҚР мектепке дейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты баланың үш жасынан бастап қазақ тілін дамытуды көздейді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жалпы білім беру бағдарламасындағы «Коммуникация» білім беру саласы тілдің базалық құндылықтарын меңгерген, ана тілінде және басқа тілдерде әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимыл жасауға дайын, айналадағы вербалды және вербалды емес құралдармен қарым-қатынас жасауға қабілетті мектепке дейінгі жастағы жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған [1, 14 б.]. Осыған байланысты мемлекеттік тілді оқыту кезінде білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың дамытушы технологияларын қолданған жөн.

Қазақ тілі сабақтарында балалардың іс-әрекеттері мен жұмыс түрлері әртүрлі. Бүкіл оқу процесі ортақ мақсатпен біріктірілген: оқу материалын меңгеруді жеңілдететін технологияларды қолдануды қамтамасыз ететін инновациялық билингвальды білім беру ортасын құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет: Тіл үйрену негізінде балалардың патриоттық санасын тәрбиелеу. Тілдік коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі жұмыс түрлері арқылы тіл үйренуге танымдық қызығушылықты дамыту. [2, 12-14 б.]

Мектепке дейінгі жастағы балалардың қарым-қатынасын қарапайым деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негіз қаланғандықтан, мен ойын технологиялары арқылы қазақ тілінде қарым-қатынаста коммуникативті бағытты жүзеге асырамын. Ойын технологиялары негізінде «Қазақшаң қалай, балақай?» дидактикалық құрал әзірленген. Ол келесі білім беру міндеттерін шешеді: Тілдерді үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды тілдік ортаға енгізуге ықпал ету. Сөз тіркестерінен сөйлемдерді құру, оларды дұрыс айту

қабілеттерін жетілдіру. Мұғалімнің тапсырмаларын орындай отырып, ойын барысында қазақ тілінде сөйлеу қабілетін қалыптастыру. Сөздерді пассивті сөздіктен белсенді сөздікке аудару. Сенсоримоторлы қабылдауды дамыту. Түсті жолдар, тақырыптық магниттер жиынтығы дидактикалық құрал ретінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде және балалармен жеке жұмыста қолданылады. «Қазақшаң қалай, балақай?» бірнеше дидактикалық ойындарды қамтиды.

1. «Түсті төсеніштер» (1 сурет). Жұмыстың ең оңай нұсқасы — ойынды түс атауын бекіту үшін пайдалану.



1 сурет

Квадраттардың (шаршынын) түс схемасы баланың жасына және бағдарламалық мазмұнына байланысты анықталады. Мұғалім тапсырманы орындауға нұсқау береді: «Қоян сапарды төменгі оң жақ бұрыштан бастайды. Аялдамаларда ол

достарымен кездеседі. Қоян адасып қалмас үшін мұқият тыңдау керек». Тапсырмалар мен олардың саны баланың жасына және мұғалімнің балаларға қойған білім беру міндеттеріне байланысты жасалады.

2. «Түсті болжау» — ойынның негізгі қағидасы — белгілі бір тақырыптарды символдармен (түстермен)



2 сурет


ауыстыру. Мысалы нұсқалардың бірі: Қызыл тор — үй жануарлары, сары тор — жабайы аңдар, қызғылт сары тор — үй құстары, жасыл тор — орман құстары. Балалардың әрқайсысы өзіне түрлі-түсті карточканы (ойын алаңының түстерін) таңдайды. Содан кейін балалар ұсынылған магниттерден осы түске сәйкес келетін суретті таңдап, оларды ойын алаңына орналас-тырады.

Келесі нұсқада (2 сурет) мұғалім балаларға ойын



алаңына орналастыруды ұсынады: қызыл квадраттарда — дөңгелек нысандар, сары квадраттарда - үшбұрышты нысандар, қызғылт квадраттарда - шаршы заттар, жасыл квадраттарда - сопақ заттар. Балалар түсі бар карталарды тандайды және әрқайсысы таңдалған түске байланысты қажетті затты тандап, оны түс өрісіне орналастырады.

3. «Геометриялық кілем» (3 сурет) — ұсынылған геометриялық фигуралардан балалар сапалы белгілерге назар аудара отырып, ойын алаңына тапсырыс беріп, мұғалімнің сипаттамасына сәйкес дұрысын тандайды. Мысалы: Үшбұрыш — сары, үлкен. Фигуралар ретпен, қатарға қойылады.



3 сурет

Педагог тапсырмалары:

Бірінші қатар:

1 пішін — үлкен сары үшбұрыш


2 пішін — үлкен қызыл шеңбер

3 пішін — кішкентай сары үшбұрыш

4 пішін — үлкен көк төртбұрыш

Мұғалім келесі қатарлардағы барлық пішіндерді атай бермейді. Сондықтан балалар логикалық қатарды өз бетінше аяқтап, жетіспейтін пішіндерді қосады.

4. «Сөйлем құра». (4 сурет). Бұл дидактикалық ойын балалардың қазақ тілінде қарапайым сөйлемдер құра білуін қалыптастыруға бағытталған.



Суреттер көмегімен балалар сөйлемдердегі сөздердің ретін есте сақтай отырып, түрлі-түсті өрістерге сөйлемдердің сызбаларын жасайды.

Мысық балық жақсы көреді.


Тышқан ірімшік жақсы көреді.

Аю бал жақсы көреді.

Сиыр шөп жақсы көреді.


Қазақ тілі сабақтарында денсаулық сақтау технологияларын қолдану балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, оларды салауатты өмір салтына баулуды қамтамасыз етеді. Әр сабаққа саусақ ойындары мен су-джок шарлары бар артикуляциялық гимнастика кіреді. Су-Джок терапиясын қолданатын сергіту сәттер және артикуляциялық гимнастика, артикуляция мен дыбыстарды, фразалық стрессті, ырғақтың ерекшеліктерін бекітуге көмектеседі. Су-Джокты қолданудың арқасында психологиялық жүктеме төмендейді, тілдік белсенділік белсендіріледі, эмоционалды тонус жоғарылайды, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық сақталады.

Мнемотехниканы қолдану. (5 сурет). Бұл әдіс қазақ тілін үйрену жұмысында балаларға сөздерді іздеуді және есте сақтауды айтарлықтай жеңілдетеді. Мнемокестелердің белгілері сөйлеу материалына мүмкіндігінше жақын, мысалы: үй құстары мен жануарларды белгілеуге үй суретін қолданамыз, ал жабайы (орман) жануарлар мен құстарды



белгілеу үшін шыршаны қолданамыз. [3,18 б.] Кез-келген жұмыс сияқты, қарапайымнан күрделіге дейін. Балалар біртіндеп «Сөзді шифрлау» дегеннің не екенін түсінеді. Содан кейін біз біртіндеп мнеможолдарға, содан кейін сөз тіркестерін кезең-кезеңмен кодтауға, шартты таңбалар бойынша сөйлемдерді есте сақтауға және көбейтуге көшеміз. Кейінірек мнемокестелерге көшеміз. Кестедегі ұяшықтар саны мәтіннің күрделілігі мен көлеміне, сондай-ақ баланың жасына байланысты. Мнемокестелер әсіресе өлеңдерді үйренуде тиімді. Өлеңдерді жаттауға үйрету үшін тірек сызбаларды қолдану балаларды қызықтырады, сабақты ойынға айналдырады.

Оқытудың дамытушы технологияларын пайдалану уақытында қазақ тілінде мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін мониторингтілеу нәтижелері бойынша оң динамика байқалады. Нәтижелер үш жылға бөлінген. (1 кесте).



Балабақшада мемлекеттік тілді оқыту бойынша тиімді білім беру кеңістігін құру бойынша жұмыс тәжірибесі «Сөйлеу білім беру кеңістігін ұйымдастырудағы интерактивті технологиялар», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін дамыту кеңістігін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарының педагогтарына арналған семинар шеңберінде ұсынылды.

Осылайша, балабақшада қазақ тілін оқыту бойынша білім беру кеңістігін тиімді ұйымдастыру баланың мемлекеттік тілдегі коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Тілдік кеңістікке терең бойлауға және оқыту процесін қызықты және тартымды өтуіне мүмкіндік береді.



«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКАНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ НЕГІЗДЕРІНЕ ОҚЫТУ»



**СУЛТАНОВА Нұргүл
Дүйсембекқызы,**
Атырау қаласындағы
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
психологы, әдіскері



**САДЫРОВА Шынар
Файзоллақызы,**
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
психологы, әдіскері

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде LEGO-құрастыру және робототехника негізінде шығармашылық өнімді әрекетті ұйымдастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау алғашқы техникалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балаларға заманауи білім беруде өте тиімді. 2019 жылдан басталған бақшамыздағы педагогтардың шығармашылық жұмысы бүгінгі таңда облыс көлемінде тәжірибелік алаңда. LEGO-құрастыру және робототехниканы меңгерту баланың қоғамдағы әлеуметтенуін кеңейту, танымдық іс-әрекетін жандандыру үшін ғана емес, инженерлік техникалық мамандықтар туралы бастапқы білімінің негізін қалау үшін де ерекше маңызына ие. Бақшамызда Lego-құрастыру және робототехниканы енгізу жұмысын жүзеге асыру барысында дамытушы орта жасақталып, әлі де толықтырылу үстінде. Бұл жұмыстан күтілетін нәтиже: бала техникалық құрастыру мен робототехниканы меңгереді, модельдеу мен бағдарламалауды үйренеді, «LEGO DUPLO», «Лего Первые механизмы», «LEGO Education WeDo 2,0» конструкторларымен жұмыс істеуде танымдық-зерттеу және техникалық қызмет ортасында бастама жасап, дербестік танытады. Бала бағдарламаланатын робототехника жиынтықтарымен жұмыс жасап, құрдастарымен және ересектермен белсенді қарым-қатынас жасайды. Бірлескен техникалық құрылысқа, робототехникаға, бағдарламалауға қатысады, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Сондай-ақ, өзінің ғана емес, басқалардың мүдделері мен сезімдерін ескеруге, сәтсіздіктерге жанашырлық танытуға және өзгелердің жетістіктеріне қуанып, өзіне деген сенімі артады. Қақтығыстарды шешуге тырысады. Әзірленген схема бойынша тәрбиешінің көмегімен компьютерде және планшеттерде әртүрлі роботтарға арналған бағдарламаларды іске қосады. Шығармашылық-техникалық ойынның әртүрлі формалары мен түрлерін меңгереді. Конструкторлар мен шағын роботтардың негізгі ком-

поненттерімен танысады. Конструктордағы жылжымалы және жылжымайтын қосылыстардың түрлерін, робототехникада қолданылатын негізгі ұғымдарды, шартты және нақты жағдайларды ажыратады. Әртүрлі ережелер мен әлеуметтік нормаларға бағынуды үйренеді. Ауызша сөйлеуді жақсы меңгеріп, техникалық шешімді түсіндіре алады. Өз ойын, сезімдері мен тілектерін шығармашылық, техникалық және ғылыми-зерттеу жағдайында сөйлеу мәлімдемесін құру үшін қолдана алады. Бала робототехникалық конструктормен жұмыс істеу кезінде өзінің қозғалысын бақылап және басқара алады. Сондай-ақ, электротехникамен, робототехникалық модельдерді құрастыруға қажетті құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтай біледі. Ересектер мен құрдастарына сұрақтар қояды, себеп-салдар байланыстарына қызығушылық танытады. Техникалық тапсырмаларды өз бетінше түсіндіруге тырысады; байқауға, эксперимент жасауға бейімделеді.

Балаларды техникалық құрастыру және робототехника бойынша оқытуды ұйымдастыру формалары топтық және жеке болып бөлінеді. Жеке формасы оқытуды даралауға мүмкіндік береді. Ал топтық формасы жеке-ұжымдық. (Жарыс — техникалық құрастыру бойынша түрлі іс-шараларға балалардың практикалық қатысуы. Жұмыс бағдарламасын іске асырудың қорытындыларын шығару. Балабақша базасындағы балалар құрылыстарының конкурсы. Балалар мен ата-аналардың, балалар мен тәрбиешілердің бірлескен жобалау қызметі).

Мектеп жасына дейінгі балаларды техникалық құрастыру және робототехника бойынша оқыту әдістері мен құралдары:

Ақпараттық-рецептивті (түсіндірме-иллюстрациялық). Танысу, әңгіме, экскурсия, көркем әдебиетті оқу, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, әңгімелер, пікірталастар, жағдайды модельдеу, нұсқаулық, түсіндіру. Дайын ақпаратты ұсыну, түсіндіру, сөзбен, бейнемен,



іс-әрекеттермен иллюстрациялау нәтижесінде өз мақсатына жетеді.

Репродуктивті немесе қызмет әдістерін көбейтуді ұйымдастыру әдісі. Бұл әдіс жаттығулар жүйесі, ауызша ойнату, типтік мәселелерді шешу арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламалау, бағдарламаларды құрастыру, модельдерді құрастыру, Дизайн, шығармашылық зерттеулер, олардың модельдерін ұсыну, топтар арасындағы жарыстар, жобалар, ойын жағдай, қарапайым іздеу қызметі (ғимараттармен тәжірибелер), құрылысты ұрып-соғу, жағдайды модельдеу, конкурстар, сергіту сәттері.

Проблемалық оқыту әдісі мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырады. Ол проблемалық мәлімдеме арқылы жүзеге асырылады. Тәрбиеші мәселені қояды және оны шешудің дәлелді жолдарын ашады. Шешім логикасының белгілі бір қадамдарын ақылмен болжайды, еріксіз есте сақтау жұмыс істейді.

Жартылай іздеу (эвристикалық) әдісі. Тәрбиеші проблеманы қояды, танымдық және практикалық мәселелерді шешудің жекелеген кезеңдерін орындауға тапсырмаларды құрастырады және ұсынады. Оны шешу қадамдарын жоспарлайды, білім алушының қызметін басқарады, аралық проблемалық жағдайларды жасайды. Бала жағдайларды түсінеді, міндеттердің бір бөлігін дербес шешеді. Шешім қабылдау кезінде өзін бақылау мен бағалауды жүзеге асырады. Іс-әрекетті дербес ынталандырады, қызығушылық танытады. Бұл еріксіз есте сақтауға, ойлауға ықпал етеді.

Зерттеу әдісі. Педагог білім алушыға шешімді өз бетінше іздеу үшін проблемалық міндеттерді құрастырады және ұсынады. Шешімнің барысын бақылауды жүзеге асырады. Мектеп жасына дейінгі бала мәселені қабылдайды. Оның шешу кезеңдерін жоспарлайды. Әр кезеңде зерттеу әдістерін анықтайды, процесті өзі бақылайды, оның аяқталуын бағалайды. Еріксіз есте сақтау, зерттеу барысын көбейту, іс-әрекетті ынталандыру басым болады.

Сабақтарда құрастырудың негізгі түрлері қолданылады: үлгі, модель шарттар, қарапайым сызбалар мен көрнекі схемалар, ой, тақырып бойынша.

Үлгі бойынша құрастыру және бағдарламалау. Имитациялық іс-әрекетке негізделген үлгі бойынша жобалау және бағдарламалау – бұл балалардың шығармашылық сипаттағы тәуелсіз іздеу қызметіне ауысуын қамтамасыз ететін мәселелерді шешуге болатын маңызды оқу кезеңі.

Модель бойынша құрастыру және бағдарламалау. Модель бойынша құрастыру – бұл үлгі бойынша құрастырудың күрделі түрі.

Шарттар бойынша құрастыру және бағдарламалау. Балаларға берілген үлгіге модель сәйкес келуі керек. Әдетте оның практикалық мақсатын



көрсететін жағдайлар ғана анықталады. Оқытуды ұйымдастырудың бұл формасы шығармашылық дизайнды дамытуға ықпал етеді.

Қарапайым сызбалар мен көрнекі схемалар бойынша жобалау және бағдарламалау. Нақты объектілердің сыртқы және жеке функционалдық ерекшеліктері құрылыс материалының бөлшектерінен қалпына келтірілетін іс-әрекеттің модельдеу сипаты визуалды модельдеудің ішкі формаларын дамытуға мүмкіндік береді. Осындай оқытудың нәтижесінде балаларда ойлау және танымдық қабілеттер қалыптасады.

Дизайн бойынша жобалау және бағдарламалау. Бұл форма балаларға дизайн жасауды үйретудің құралы емес, ол бұрын алған білім мен дағдыларды өз бетінше шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік береді.

Тақырып бойынша құрастыру және бағдарламалау. Ұйымның негізгі мақсаты – берілген тақырып бойынша модель құру-білім мен дағдыларды жанарту және бекіту, сонымен қатар балаларды жаңа тақырыпқа ауыстыру.

Педагогтар балалармен арнайы жасақталған кабинетте жоспарлы жұмыс жүргізуде. Бірнеше жылдық тәжірибемізде жетістікке де жетіп келеміз: педагогтардың іс-тәжірибелері бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланып, қалалық педагогикалық оқу байқауына және облыстық ғылыми-конференция жинағына енді. Сонымен қатар, осы жылдың ақпан айында қалалық семинар арқылы тәжірибеміз таратылып, мамыр айында облыстық эксперимент алаңы қорытындыланып, арнайы авторлық бағдарлама жасақтау жоспарлануда.

Мектепке дейінгі білім беру процесіне робототехника мен LEGO конструкторларын пайдалана отырып заманауи білім беру технологияларын енгізу болашақ инженерлерді балабақшадан тәрбиелеуге, ғылыми-техникалық шығармашылық саласында қабілеті бар балаларды анықтауға және олардың одан әрі дамуына жағдай жасауға ықпал ететініне сенімдіміз.



«ONLAIN РЕЖИМІНДЕ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ЖОБАСЫ»



**ИЛЬЯСОВА Ляззат
Муратқызы,**
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Жас ұрпақ тәрбиесі — адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Оқу мен тәрбие — бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жанашыл ұстазының осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүруі оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді. Шығармашылықпен жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының ұжымдарын айқындау, қолдау мен көтермелеу, инновациялық тәжірибені тарату, жеке-леген педагогтар мен педагогикалық ұжымдардың жеке үлесін қоғамға таныту мақсатында жылма-жыл ұйымдастырылатын педагогикалық оқу — педагогтардың кәсіби шығармашылығын дамытатыны анық. Сондықтан, мен педагогикалық тәжірибемде ата-анамен жұмысты үнемі басты назарда ұстап, шығармашылық тақырыбыма биылғы оқу жылында елдегі жағдайға байланысты өзекті тақырыпқа айналған қашықтықтан байланыс мәселесін зерттедім. Білім беру ұйымдарының күн тәртібінен түспейтін мәселе-ата-анамен ынтымақтасқан жұмыс барысы. Болашақта ата-аналардың өте сыпайы, өзін-өзі құрметтейтін шығармашылық ұжымға үлкен сенімділікпен қарап, балабақшалар арасындағы бәсекелестікке бірге араласатындай нәтижеге жету мақсатын көздедім. Біздің балаларымыз өте білімді, жан-жақты дамыған, адамгершілігі мол, әрі өте тапқыр болуы тиіс деген мақсатта ата-анамен жұмыс жүргізудің жобасын жасақтадым.

Жоба мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы балаларды әлеуметтік мәдени нормаларға, қоғамның және отбасының дәстүрлеріне сәйкес тәрбиелеу. Білім беру процесінде АКТ қолдану — білім беру процесінің сапасын арттырумен қатар балабақша педагогы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарын жүзеге асыру.

Жоба міндеттері: Ата-аналармен жұмыс түрлерінің тиімділігін арттыру. Балаларды онлайн режимінде біліммен қамту. Педагогтар мен ата-ана ықпалдас-

тығын жүзеге асыру арқылы тәрбие-оқыту үрдісін жандандыру.

Жобаның өзектілігі: Кезекші топтармен қамтылмай қалған тәрбиеленушілермен жұмыс, ата-анаға ақпараттық-танымдылық кеңестер берудің тиімді жолдарын іздестіру, кері байланыс орнату.

Онлайн режимінде жұмыс жасау барысында педагогтардың адамгершілік мәдениеттің негізін қалыптастырудағы кәсіби біліктілігі мен шеберлік деңгейі артады. Ата-аналар үшін — отбасы мен балабақша арасындағы психологиялық қарым-қатынас байланысы орнығады. Ата-аналар баланың жас ерекшелігіне қарай психологиялық-педагогикалық даму деңгейі туралы ақпаратандырылады.

Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу тәрбиешілердің негізгі міндеті болып табылады. Қоғамдағы туындаған пандемия кезіндегі бақшамен қамтылмай қалған балалардың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата-ана педагогика-психологиялық әдіс-тәсілдерге сүйенгені дұрыс.

Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлерін, өткізілетін іс-шараларды үнемі өзгертіп, дамытып отырудың маңыздылығын осы жоба негізінде көруге болады. Нәтижеге жету жолында мен ата-аналармен сауалнама, әр жиналыс сайын ынтымақ, тәрбиелік мәні зор тренингтер және ақпараттық кеңестер арқылы нақыл сөздермен сусындататын ақпараттармен бөлістім. Жүйелі құрылған жұмыстың нәтижесінде біздің ата-анаға берген әрбір құнды дүниеміз оларға рухани азық болары анық.

Ата-аналар жиналысына дайындалып, оны ұйымдастыру үшін барлық ата-аналар қол жеткізе алатын онлайн-трансляция платформасын таңдадым. Бұл Click Meeting, Zoom, Google Meet, YouTube болуы мүмкін. Жиналысқа қатысушылардың дәріскерді тыңдап қана қоймай, сұрақтар қою мүмкіндігі болуы маңызды. Мысалы, YouTube-те онлайн-трансляцияны жүргізу кезінде кері байланыс түсініктемелер ар-



қылы жүзеге асырылуына мүмкіндік жасадым. Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр жас тобы үшін жаңа білім мен дағдыларды алуға көмектесетін негізгі белгілерді бөліп көрсету арқылы, мысалы, кіші топ балалары үшін бұл ұсақ моториканы дамыту, орта және үлкен топта сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және оқыту, дайындық-мектеп өмірімен танысу, сауаттылық пен математика негіздерін үйрену болса, балаларды ойын, танымдық-зерттеу, шығармашылық, еңбек, жоба, музыкалық, орындаушылық, қозғалыс қызметі кезінде көрсету маңыздылығын түсіндіруге тырыстым. Презентацияны дайындау жұмыстың маңызды кезеңі деп есептеп ата-аналардың қызығушылығын оятуға жұмыстандым. Сонымен қатар біршама проблемалық мәселелерді шешу қажеттігі туындауда. Себебі, өзара әрекеттесудің қашықтағы форматына қарамастан, бос уақыттарында көптеген ата-аналар басты назарды мектепте оқитын балаларына арнап, балабақша балаларына мән бермеуде. Сондықтан, онлайн режимінде ұйымдастырылған Дое-де ата-аналар жиналысының мақсаты мен негізгі тақырыптарын белгілеуден басталуды жөн санадым.

Өзін-өзі оқшаулау кезеңінде балабақшалардың жабылуына байланысты көптеген ата-аналар күн тәртібінде баланың үйде не істеуі керек екеніне көңіл аудармағаны біздің тараптан аландасушылық тудырғаны жасырын емес. Сондықтан біз ата-аналарға — ең бастысы — күн тәртібін сақтаудан бастап, мәдени-гигиеналық шараларды сақтап, мектеп жасына дейінгі баланың күн режимі — бұл демалу мен белсенділіктің оңтайлы ауысуы: ұйқы, балқонда серуендеу, тамақтану, жаттығу, ойындар туралы ақпараттар бере бастадым. Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі күн тәртібін сақтау баланың жоғары өнімділігін қамтамасыз етуі белгілі бір биологиялық ырғақты қалыптастыратыны, ауыспалы шартты рефлексдер жүйесі қалыптасатыны — бұл денені алдағы іс-әрекетке физиологиялық тұрғыдан дайындау, ұйқы, тамақтану және т. б. болсын, оның жұмысын жеңілдететінін түсіндіруге тырыстым. Тұрақты режимнің болмауы балалардың жүйке жүйесіне үлкен ауыртпалық әкелетіні, бұл шамадан тыс жұмыс пен шаршауға себеп болатынын естен шығармауды ұсындым.

Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен жұмысты онлайн өткізудің табыстылығы педагогтың іс-қимыл тәртібін анықтауға және ақпаратты қысқа, ақымды және қолжетімді ұсынуға мүмкіндік беретін тірек материалдарды дайындауға көмектеседі. Көптеген слайдтарды дайындаудың қажеті жоқ — көрнекі материалдармен толықтырылған сөйлеудің маңызды тезистерін көрсететін бірнеше бет графиктер, суреттер, диаграммалар жеткілікті болады.

Отбасы жағдайында мектеп жасына дейінгі бала-

ларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың білім деңгейін арттыру, оларға баламен бірге бос уақытты қызықты және ең бастысы пайдалы іс-әрекетке айналдыруға болатын ұсыныстар беру 2020 жылдың сәуірінен бастап, бірден қиындық тудырғанмен алдағы уақытта ата-анамен жұмыс жасау үшін менің шығармашылық жобам өзіме бағыт-бағдар бере алды. Мен жоба барысында ата-аналарға балалардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру, үйде балаларға білім беру бойынша практикалық ұсыныстар бердім. Бала-сымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытып, ата-аналарды балалармен бірге көбірек уақыт өткізуге шақырдым.

2020 жылы көктемде білім беру кеңістігінде қалыптасқан жағдайда балабақшаларда карантиндік шектеулер жүйелі түрде енгізілді. Педагогикалық ұжымдардың мүшелері бір-бірімен жеке байланыссыз қашықтықтан өзара әрекеттесудің бағытына бірден кірісіп кете алмады. Осыған орай, Дое-де онлайн режимінде ата-аналар жиналысын ұйымдастыру ықтимал проблемалық болып көрінуі мүмкін: іс-шараның стандартты емес форматынан басқа, барлық дайындық жұмыстары ресурстарды шектеулі таңдау жағдайында жүргізілуі керек деп, шығармашылық тақырыбыма осы өзекті мәселені енгіздім.

Қазіргі таңда ата-аналармен кері байланыс нәтижесі жақсарып келеді. Әр айдың өтпелі тақырыбы бойынша балаларға ақпараттық бейнебаяндар, танымдылық көрнекіліктер жіберілуі біртіндеп қалыпқа түсіп келеді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру барысында ата-аналарға арнап жаднама жасақтадым: Баламен бірге күн тәртібін белгілеп, оны орындау. Балаға қолдаушы, кеңесші бола білу. Балаларды мектептің де, бақшаның да оқу процесі кезінде сабырлық пен шыдамдылық таныта білуге үйрету.

Ескеру қажеттілігі: Байланыс орнату уақытының тұрақтылығы. Балалардың физикалық денсаулығы қалыпты дамуы үшін оларға мезгілсіз телефон, гаджеттер беруді шектеу. Сонымен қатар, балаларды бақшада қолданатын сурет салу құралдары, ермексаз, қайшымен кию және жапсыру желімдерінен шектемей, шығармашылығын дамытуға жағдай жасауға шақырдым. Балалардың қызығушылығын ояту мақсатында кезекші топ балаларымен, үй жағдайындағы балаларды бір-бірімен ZOOM платформасында, WhatsApp қолданбасы арқылы байланыстырып, бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлауды дағдыға айналдырдым.

Менің ойымша, Online режимінде ата-аналармен жүргізілетін әрбір жұмыс жобасының маңыздылығы жүйелі жұмыс нәтижесінде. Болашақта өз тілін құрметтейтін, өзге тілдің бәрін білетін, жаңа технологияларды игерген ұрпақ тәрбиеленеді. Біз оған кәміл сенеміз.



«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»



БАТЫРОВА Ханым
Жолдасқызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысын педагогтар тек табиғатпен ғана байланыстырып қоймай, халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, балаға айналадағы орта, табиғат жайындағы ұғымдарды қалыптастыру жеңіл болады. Адамгершілік тәрбиесі арқылы баланың адамдарға, қоршаған ортаға, туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы артады. Экологиялық тәрбие жұмысының бір оңтайлы тұсы: көрнекіліктер арқылы табиғат орталығының дұрыс жабдықталуы; түрлі сайыстар ұйымдастырып, экология мәселелері туралы жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суреттерді көптеп қолдану, ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс жүргізу, топтағы кітапхананы табиғат туралы көркем әдебиетпен жабдықтау, табиғи қалдықтардан қолөнер бұйымдарын жасап, көрме ұйымдастыру.

Мен өз тәжірибемде үнемі маусымдық мерекелерді ұйымдастыру барысында ата-аналар мен балалардың ортақ жұмысын «Алтын күз», «Жаңа жылда жаңа жыр!», «Табиғатты аялаймыз» т.б. ертеңгіліктерде қолданамын. Өйткені, ата-ананың бала еңбегімен ұштасқан әрекетінің астарында әр педагогтың ізденісі, болашақ табиғат жанашырының бойына сіңірген экологиялық тәрбиесінің нәтижесі көрінеді. Экологиялық тәрбие беру жұмысы барысында екі нысанаға басты назар аударамын: балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, қоршаған ортаны (өсімдіктер мен жануарларды) қамқорлыққа алуға баулу. Балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпы түсінік қалыптастыру.

Табиғат туралы балалардың ой-өрісін кеңейтіп, оларға табиғат сырларын ұғындыру барысында биылғы оқу жылында «Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы баланың экологиялық білімін жетілдіру» тақырыбын алдық. Күтілетін нәтижеміз баланың

креативті ойлау, зерттеу және бақылау туралы өз ойларын толық жеткізе білуі. Табиғаттың өзіне тән кейбір құбылыстары мен қасиеттері жайында білімін толықтыру. Сонымен қатар, табиғат құбылыстарының кейбір заңдылықтарын реалистік тұрғыда ұғынуы, білуге құлшынысы, байқап көре білуі, логикалық ойлау, табиғатқа эстетикалық тұрғыдан қарау сезімі нақты қалыптасады деген сенімдеміз. Мысалы, балалардың өсімдіктер туралы ұғымдарын кеңейту үшін бидай, жүгері, күнбағыс т.б. өсімдіктерге тоқталып, күнбағыстың күнге қарап өсуіне байланысты аталатынын, оның дәнінен май сығып алып, күнделікті өмірде пайдаланылатынын, олардың өсуіне белгілі бір жағдайлар жасалатынын, ылғалды топырақ, күннің нұры, жылуы керек екенін айтып, жаз мезгілінде тәжірибемен ұштастырып, ауламызға өсіріп, көз жеткіздік. Кейбір жануарлардың өсіп дамуы жөнінде балалардың білімдерін жетілдіру, құстар жұмыртқалайды, балапан басып шығарады, оларды азықтандырып асырайды және түйе ботасын, сиыр бұзауын, ит күшігін, мысық баласын өз сүтімен асырайтыны түсіндіріледі. Балалардың жабайы жануарлардың (қасқыр, аю, түлкі, қоян) тіршілігі, азықтарын өздері табу әрекеті жөнінде ұғымдары кеңейтіледі. Күзде балалардың өлі табиғаттағы, өсімдіктердің құстар мен аңдардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістер туралы, өздеріне таныс кейбір құбылыстар мен ауа-райының жағдайы және өсімдіктер мен жануарлар тіршілігі арасындағы байланыстың реттілігін, жыл мезгілдері ұғымының мәнісін айқындап, қорытындылауға бағыттау негізгі міндеттеріміз болып табылады. Құстардың, жәндіктер мен жабайы жануарлардың тіршілігіндегі жыл мезгілдеріне байланысты болатын өзгерістер: жапырақтардың түсуі, құстардың жылы жаққа ұшып кетуі, жәндіктердің болмауы жайлы ұғымдарын қазіргі таңда дамыған АҚТ арқылы түсіндіреміз. Топ бүлдіршіндерімен қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, күзде балабақша ауласындағы көкөністі жинау, қазып алу, ауланы тазарту (жапырақтарды жинап бір жерге



ую, раушан гүлін қиып көму т.б.) жұмыстарына көмектесіп, еңбекке араласамыз. Қыс мезгілінде балалар қысқы ауа райының сипатты белгілеріне орай ауладағы ағаштарды, қыстайтын құстарды бақылайды. Қыс қызығын тамашалап әртүрлі ойындар ойнау арқылы да табиғаттың сиқырымен таныстыруды

жалғастырамыз. Бақшамызың ауласындағы алаңда қысқы ойындар ұйымдастырамыз. Ағаштарда орналастырған жем салғыштар арқылы құстарға қамқорлық жасаймыз. Мұның барлығы баланың табиғатты аялап, оған қамқорлық танытуына ықпал ететіне нық сенімдіміз.

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ»



СУЙОНДУКОВА Шынар
Умирзаққызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының дене тәрбиесі
нұсқаушысы

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру біздің алға қойған басты мақсатымыз. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні — мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі осы кезеңде қалыптасады. Ұлттық және қимылды ойындар — ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жанған оты, баланың тынысын кеңейтетін, ойдан-ойға жетелейтін, ерекше қиял мен қанат беретін ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Сондықтан, мен ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтылары: «Ток-ток», «Қолкүрес», «Тәкія тастамақ», «Бұқа тартыс», «Асық», «Арқан тартыс» ойындарын оқу қызметінде үнемі қолданамын. Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Әртүрлі ойынның өтілу барысында оның ережесі сақталады.

Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл-ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі. Сонымен бірге, ойын ойнағанда бала көңілді болып жақсы демалады. Бойы сергиді. Ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ұлттық ойындарды дене шынықтыру іс-әрекетінде кеңінен қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюға, спорттық шеберлік-

терін, мүмкіндіктерін арттыруға болады. Қимыл-қозғалысты ұлттық күй, патриоттық әуендер ырғағымен үйрету іске асырылады. Бұл салт-дәстүрімізді құрметтеп, ұлттық рухпен сусындау. Сонымен қатар, тәрбиешілермен бірігіп күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесін басқа оқу қызметтерімен сабақтастыра жүргіземіз. Бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу өте тиімді. Ата-бабадан қалған өнер мен өнеге үлгілерін ойын арқылы баланың бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, бауырмалдыққа, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсете білуге баулимыз. Халқымыздың тарихында ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру арқылы өз жерін, өз елін қорғайтын намысты, жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелейміз.





«БАЛАБАҚШАДА СЕРУЕНДІ ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ»



УТЕШОВА Дидар,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі



ЖАЙШЫЛЫҚ Айжан,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

Мектепке дейінгі кезеңде баланың қоршаған ортаны білуге деген қызығушылығын оятып, шығармашылықпен табиғатты таныстырып, оның сұлулығын сезіне білуге үйрету аса маңызды. Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын кезінде, табиғи нысандар мен құбылыстарға, ауа-райы жағдайындағы өзгерістерге бақылау жасау, заттарды зерттеу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын. Көрнекті психолог С. Л. Рубинштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамытатын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп қарастырады. Бұл жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындайды. Серуен уақытында бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастыру біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық құзіреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі педагогтың қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Серуен — бақшада бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Оның мақсаты — бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті: Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру; мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін, қимыл белсенділігін арттыру. Танымдық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік-тұлғалық дамуына ықпал ету.

Табиғатпен байланыс, ойластырылған бақылаулар, серуендер, әңгімелерді ұйымдастыру — экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қою мен қажетті нәти-

жені алудың кілті. Сондықтан тәрбиешілердің балалармен жүргізетін негізгі жұмыстары табиғат аясында, бақшалар ауласында, ойын алаңында, саябақтарға және қала көшелеріне саяхаттар барысында өтеді. Табиғат аясында болғанда балалардың бойында адами тұлғаның баға жетпес қасиеті қалыптасады: ол — байқау, қадағалау. Біз баланың бойында біліктілік, танымдық қасиеттерін қалыптастыру аса маңызды деп есептейміз. Жеңілден ауырға қарай іс-әрекеттерінің мәселелерін аңғартып, кез-келген құбылыстардың барлық қиындықтары мен көпқырлылығын көрсетуіміз керек. Серуендерді өткізгенде дидактикалық, қозғалыс, танымдық, сюжеттік ойындарға аса көңіл бөлінеді. Табиғат аясында өткізілетін әрбір шара балаларға ұнайды.

Объектілерді немесе басқа да құбылыстарды байқау, тікелей қадағалау мен табиғатты аялаудың мәні зор. Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, балалардың серуенге шығуы, құстардың үні, самал желдің дыбысы т.б. Күнделікті тәжірибеде балалармен мына жұмыстың түрлерін кеңінен қолданамыз: күнтізбе бойынша табиғатты байқау, тірі табиғат бұрышына кезекшілікті ұйымдастыру, театрланған көрініс көрсету, тақырыптар бойынша альбомдар құрастыру. Серуенге шығар алдында, алдын ала жұмысты таңдап алу маңызды. Серуенде алған білімдерін бекітіп және шығармашылық шеберханада балалармен жұмысты ұйымдастыру керектігін естен шығармаймыз. Мысалы, балалардың өсімдіктерді күту дағдыларын жетілдіру. Оларды күткен жағдайда, еңбек дағдыларын дербес қолдануға жағдай жасау. Оқу қызметінде іс-тәжірибелерді өткізу.

Балалардың таза ауада серуенде қоршаған орта туралы жүйелі білімдерін толықтыру мақсатында алаңға орнатылған құрал-жабдықтардан басқа да, керекті көрнекіліктерді алып шығуды дағдыға айналдырдық; балалармен серуенде байқағыш, заттарды салыстыру қасиеттерін дамыту және қарапайым қорытынды шығарып үйрету мақсатында жұмыс жасалады. Өзіміздің ой-қиялымызға байланысты, қашанда



да болсын бақылауға нысана табамыз және балалармен жайылма түрінде әңгіме, тосын жағдаятты пайдаланып, желілі ойындар ойнатамыз, кейіпкерлерді пайдаланып сахналатып үйретеміз. Әрбір топтың ойын алаңы күтілген, безендірілген тартымды болса, балалардың көңіл-күйлері көтеріліп, серуенге шыққылары келіп тұрады.

Серуенді ауа-райына, бақылайтын объектіге,

өтілген оқу қызметі тақырыптарына байланысты әртүрлі жүйелілікте жүргізуге болады. Ең бастысы, серуеннің әрбір компоненті балалардың денсаулықтарын шыңдауға, сонымен қатар көңіл-күйлерін көтеруге әсерін тигізеді. Қорыта келгенде, серуеннің дұрыс ұйымдастырылып өтуі балалардың қимыл белсенділіктерін дамытып, салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастырады.

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ»



СИСЕНОВА Назымгүл,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі



ЕСКЕНДИРОВА Ұлжан,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

Мақсаты: Балабақша қабырғасынан патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту жұмыстарын жалғастыру. Балалардың бойында ұлттық ойындар арқылы ұлттық сана сезімді ояту, туған жеріне деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Ұлттық құндылықтарды бағалауды үйрету.

Күмбірлеген күйдің әуенімен экраннан қыран құстың қалықтап ұшып келе жатқан бейнесі көрсетіледі.

Қыран құс: Балалар, қане, менің де сұрағыма жауап беріңдерші. Сендер қай елде тұрасыңдар? Сендер тұратын қала қалай аталады? Қазақстанның бас қаласын білесіңдер ме? Рәміздерді кім атап береді? (Балалардың жауабы).

Қыран құс: Қандай керемет! Тіпті рәміздердің авторларын да біледі екенсіңдер. Сендерге мен тапсырмалар ала келдім.

1-тапсырма: «Ұлттық киім».

Балалар қуыршаққа жыл мезгіліне сәйкес ұлттық киімдерді кигізеді. Сонан соң ұлттық киімдерді атап, қандай жыл мезгіліне сай келетінін айтып береді.

2-тапсырма: «Құрақ көрпеше» құрастыру.

Шарты: Әртүрлі пішіндерден қиылған қималар арқылы құрақ көрпеше құрастыру. Геометриялық пішіндердің аттарын, түстерін атау. Балалар фетрден жасалған құрақ көрпешені топпен бірлесе отырып құрайды. Қандай геометриялық пішіннен құрағанын, сол пішіннің түсін ажыратып айтады.

Ән: «Отаным».

3-тапсырма: «Ұлттық ойындар».

Балалар өздері білетін ұлттық ойындарды атайды.

Ұлттық ойын: «Сакина жасыру».

Шарты: Ойынды жүргізуші және сакина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізелерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына жақындатады. Сол кезде бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сакина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сакина кімде?» - деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін тапса, сол баламен орнын ауыстырады. Ал таппаса, ол өз өнерін көрсетеді. Ойын осылайша жалғаса береді.

4-тапсырма: «Ұлттық би».

Жіберілген ұлттық әуендерге сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Билердің тарихын түсіндіріп, қимыл-қозғалыстың неге негізделгенін, мағынасын ұғындыру. Нақышына келтіріп билеуге дағдыландыруды жалғастыру.

5-тапсырма: «Сандықты әшекейлеу».

Топтық жұмыс: Сандықты трафаретпен әшекейлеу әдісі түсіндіріледі.

Сандықтың бетіне ұлттық ою-өрнек әшекейлерін трафаретпен бастыру әдіс-тәсілдерін меңгере отырып жұмыс жасау. Губканы пайдалану.

Қыран құс: Жарайсыңдар, балалар! Барлығың өнерлі, тапқыр, еңбекті сүйетін балалар екенсіңдер. Сендерге сиқырлы сыйлығымды жолдаймын. Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын! Сау болыңыздар!

(«Мен қазақтың» биімен ойын-сауық шарасы аяқталады).



«БАЛАБАҚШАДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРУДЕГІ ТӘЛІМГЕРЛЕР МЕКТЕБІНІҢ ТИІМДІЛІГІ»

**БАЛГАБАЕВА Дамегул Сугирқызы,
РАЕВА Санияш Куандикқызы,**
Ақтау қаласындағы №34 «Болашақ»
бөбекжайының әдіскерлері

«Адам жоғары оқу орнын жоғары деңгейде аяқтаса да, таптырмас талантты болса да, егер ол тәжірибе жүзінде үйренбесе, ешқашан жақсы педагог болмайды».

С.А. Макаренко

Мектепке дейінгі мекеме — еліміздің ертеңі - кішкентай бүлдіршіндерді оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған дамытушы орта болса, сол ортадағы әдістемелік жұмысты дұрыс, талапқа сай үйлестірудің жолдары әртүрлі. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс дегеніміз, педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысын қалыптастыруға, ұжымдағы педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оң нәтижелерге қол жеткізуге, озық тәжірибелер мен ғылыми жетістіктерге жетуге бағытталған біртұтас іс-шаралардың жүйесі. Оны үйлестіріп, балабақшаның алға қойған міндеттерін жүзеге асыруда басты күш мекеме әдіскеріне түсетіні анық. Өйткені, әдіскерді құрамындағы әртүрлі аспаптардың ойналу тәртібі мен дыбыс шығаруының дұрыстығын бақылап, барлығының бірдей үндестік табуын басқарып тұратын оркестр дирижеры деп айтуға болады. Ал, іскер әдіскер ұжымның алға қойылатын міндеттерін анықтап, оны шешудің жолдарын таба біледі. Әдіскердің жұмысы сан қырлы, ол балабақша басшысымен бірлесе отырып, ұжымды басқаруға қатысу, педагогикалық ұйымның жылдық жоспарын құрып, міндеттерін бекіту, мамандармен және жас мамандармен жұмыстар, балалардың білім деңгейінің көрсеткіштерін анықтау — мониторинг жүргізу, мектеппен, басқа да ұйымдармен сабақтастықта жұмыс жүргізу, ата-аналармен жұмыстар т.б.

Әдіскердің негізгі қызметі — әрбір маманмен, соның ішінде жас мамандармен жұмысты тиімді үйлестіру. Өйткені, әдіскер мекемедегі өзекті мәселелерді көріп, міндеттерді айқындап, мақсаттарды бекіткенімен, оны жүзеге асырушы педагогтар, тәрбиеші мамандар. Жас мамандарға тәлімгерлік жұмысты жүргізу де әдіскердің шеберлігіне байланысты. Әдіскер жыл бойы тәлімгер мен жас маман арасындағы байланысты бақылайды. Тәлімгерлер тобының жұмыс жоспарын жасап, нәтижесін саралайды. Тәлімгер — жас маман үшін ұстаз, мұғалім. Тәлімгерлік — бұл тұрақты диалог, үздіксіз тұлғааралық қарым-қатынас. Демек, тәлімгер-педагог ең алдымен шы-

дамды және алдына қойған мақсатына жету жолында талмай жұмыстанатын тұлға болуы тиіс. Тәлімгерлік — бұл белгілі бір тұлғаны қалыптастыруға, оның рухани мәдениеті мен шеберлігін дамытуға, өмірге бейімдеуге бағытталған мақсатты әрекет.

Тәлімгерлікті ұйымдастырудағы мақсат: Жас мамандардың жаңа ұжымға, балалар мен ата-аналарға бейімделуіне көмектесу. Кәсіби білігі мен дағдыларын арттыру. Күрделі жағдайда шешім табуға үйретіп, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру.

Жұмыстың міндеттері: Жас тәрбиешілерге теориялық, психологиялық және әдістемелік қолдау көрсету. Жас маманға оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы біліктілігін арттыруда әдістемелік және тәжірибелік көмек беру. Педагогтардың теориялық және әдістемелік деңгейін жетілдіріп, жаңа технологиялар мен заманауи әдіс-тәсілдерді меңгерту. Әртүрлі технологияларды қолдана отырып, ата-аналармен ашық оқу қызметтері мен шеберлік-сыныптар өткізу. Денсаулық сақтау технологиялары мен басқа да әдістерді қолдануды үйрету және көрсету. Оқыту мен тәрбиелеудегі жас мамандардың жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасау.

Тәлімгердің жұмысы үш кезеңнен тұрады.

1-ші кезең — бейімделу. Бұл бірінші жылды қамтиды. Тәлімгер жас маманның жақсы және әлсіз тұстарын анықтайды. Оның кемшіліктері және дағдыларына бағытталған бағдарлама жасайды.

2-ші кезең — негізгі. Екінші жылға жалғасады. Тәлімгер бағдарлама бойынша алға қойған міндеттерін, түзетуді жүзеге асырады. Жас маманның кәсіби дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Оған өзін-өзі жетілдіру бағдарламасын ұсынады.

3-кезең — бақылау-бағалау. Жас маманның үшінші жылы, тәлімгер өзінің жас маманын үнемі бақылап, ондағы өзгерістерді анықтайды және жас педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейі дәрежесін бағалайды. Оның дайындығын, өзінің функционалдық міндеттерін орындау барысындағы қабілетін анықтайды.

Жас мамандармен жүргізілетін жұмыс түрлері әртүрлі: іскерлік және рөлдік ойындар, шеберлік сыныптары, сауалнамалар жүргізу, шағын топтармен жұмыс, іскерлік коммуникациясын, жеке көшбасшылық қабілетін дамытып, шешім қабылдай білуге жетелейтін педагогикалық сұрақтар. Сондай-ақ,



ашық көрсеткілдер ұйымдастыру арқылы жақсы нәтижеге жетуге болады. Еңбекке енді араласып, «бүлдіршіндерді оқыту мен тәрбиелеуге бар күшімді жұмсаймын» деп келген жас тәрбиеші үшін, мектепке дейінгі мекемедегі сан қилы ұйымдастырылған оқу қызметтері, күн тәртібіндегі іс-шаралар, ұжымдағы әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау, қызықты байқауларға қатысу қиын болып көрінуі мүмкін. Осындай сәтте оларға қол ұшын беріп, көмектесетін ол — тәлімгер. Әдіскер жыл басында педагогикалық ұйымда жас мамандар санын анықтап, соған орай тәлімгерлерді бекітеді.

Біздің балабақшамызда жыл сайын жаңа оқу жылы басталар алдында мекемедегі жас мамандар мен оларға бекітілетін тәлімгерлердің тізімі анықталады. Одан әрі, тамыз айының соңында немесе қыркүйек айының басында өткізілетін педагогикалық кеңесте онымен таныстырылады, талқыланып, бекітіледі. Және осы педкеңесте тәлімгерлер жұмысының жоспары құрылып, қолданысқа енгізіледі. Тәлімгер жас маманға, оның жұмысына бақылау жасау арқылы бастапқы деңгейін анықтайды. Тәлімгерлікке тәжірибелі, біліктілік санаты бар, жоғары білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтар алынады. Әдіскер тәлімгерлер арқылы жас маманның қанатын қатайтып, өз мамандығына деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастырып, шеберлікке жетелеп, барлық жағынан демеу болып отырады. Тәлімгерлер өз кезегінде жас мамандармен жүргізетін жұмыс жоспарын құрады. 2020-2021 оқу жылында бөбекжайдың педагогикалық ұжымында 5 жас маман болды және

олардың әрқайсысына 5 тәлімгер тағайындалды. Өткен оқу жылындағы тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс нәтижелеріне тоқталар болсақ, жас мамандардың балалармен, ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстары, балабақша ішлік ашық оқу қызметтерін ұйымдастыруы, байқаулар мен ертеңгіліктерге қатысуы, баспасөздердегі жарияланымдары, өз бетімен жұмыстары, ұжымдағы қарым-қатынасы сияқты бірнеше көрсеткіштер бойынша мониторинг жүргізе отырып, қорытынды пайыздары шығарылды. Жоғарыда айтып өткендей, балабақшадағы барлық жұмысты сауатты жүргізу әдіскердің басты міндеті және жауапкершілігі. Оның басты көрсеткішін ұжымдағы педагогтардың біліктілік санатынан көруге болады. Атап өтсек соңғы 3 жылдың мониторингі бойынша өсу динамикасы 2018-2019 оқу жылында — 42% құраса, 2019-2020 оқу жылында — 51%, ал 2020-2021 оқу жылында — 60%-ды көрсетті. Осы жылдар ішінде жас маман қатарында болған А.Жақсыбаева, Ы.М.Мукатова, Ш.С. Әбдиевалар өздерінің білімдері мен дағдыларын дәлелдей отырып, педагог-модератор біліктілік санатын алды. Сонымен қоса үш жылда бөбекжайымыздың жас мамандары қалалық, облыстық «Үздік жас маман» байқауына қатысып, жүлделі 1, 2 дәрежелі дипломдарға ие болды. Егер тәрбиеші балабақшада тұрақты жұмыс жасауға бекінсе, мекемеде жұмыс жасау дағдыларын меңгеріп, өзінің жеке жұмыс жасау жүйесін қалыптастырса, өз бетімен қиындықсыз ісін атқарса, балабақша басшылығы мен ата-аналардың ойынан шықса, ол тәлімгерлік жұмыстың жоғары нәтижесі деп білеміз.



*Балгабаева Дамегул Сугирқызы, Раева Санияш Куандикқызы,
Ақтау қаласындағы №34 «Болашақ» бөбекжайының әдіскерлері*



«ҒАЖАЙЫП ҒАРЫШ ӘЛЕМІ»



БАКТЫБАЕВА Нурсулу
Орашқызы,
№34 «Болашақ»
бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Өз ойларын толық жеткізіп, әңгімелеу дағдыларын пысықтау. Тапсырманы ұқыпты, таза орындау қабілеттерін дамыту. Балалардың кеңістікті бағдарлай білуін, зейіндерін шоғырландыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балаларды шығармашылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сөзбен айту, ойын, көру және есту кеңістігін қолдану, сұрақ-жауап, мадақтау.

Көрнекіліктер: Кітап, телескоп, ғаламшарлардың суреті, геометриялық пішіндер.

Кейіпкер: Жұлдызшы.

Шаттық шеңбері.

— Балалар, бүгінгі оқу қызметіне қаншалықты дайын екендерінді, ғарыш әлемі туралы не білетіндерінді байқап көрейін. Ғарыш дегеніміз не? (Аспан әлемі).

— Ғарышқа қандай көлікпен ұшады? (Зымыранмен ұшады).

— Ғарышкер дегеніміз кім? (Ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адам).

— Олар ғарышқа не үшін ұшады? (Аспан әлемін зерттейді).

— Аспан әлемінде нелер бар? (Көптеген жұлдыздар, күн, ай, бұлттар бар).

— Жарайсындар! Сұраққа ойланып, дұрыс жауап бердіңдер. Бүгін біз ерекше қызықты әлемге саяхатқа барамыз. Ол жерге жету үшін бізге темірқазық шоқ-жұлдызы жол көрсетіп, адаспай баруға көмектеседі. Сиқырлы әлемге баратын балалар саяхатты жақсы көретін, армандайтын, қиялдайтын және ақылды болуы тиіс. Олай болса, жолға шығайық! (Балалар бірінің артынан бірі жүріп, басқа әлемге түседі. Алдынан Жұлдызшы шығады).

Жұлдызшы: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар! Қош келдіңіздер. Мен керемет әлемдегі ең данышпан жұлдызшымын. Мынау менің зертханам, ал мынау құралдарым. Мынау телескоп.

Бала: Жұлдызшы, телескопты аспан әлемін бақылауға қолданасыз ба?

Жұлдызшы: Иә, аспан әлеміндегі жұлдыздарды, ғаламшарларды бақылаймын.

Бала: Жұлдызшы, телескоппен аспан әлемін көруге бола ма?

Жұлдызшы: Әрине. (Балалар телескоппен аспан әлемін қарайды).

Бала: Жұлдызшы мынау қандай планета?

Жұлдызшы: Бұл Юпитер. Ол жақсы зерттелген алып планета. (Қазақша аты — Есекқырған). Оның күнді айналу периоды 12 жылға жуық. Ол басқа алып планеталар сияқты өз осі төңірегінде өте тез айналады.

Бала: Жұлдызшы, мен атамнан Меркурий планетасы туралы естідім. Ол күнге ең жақын планета екен. (Қазақша аты — Кіші Шолпан). Меркурий өте баяу айналатын планета екенін айтты. Маған Меркурий планетасын көрсетіңізші. (Жұлдызшы телескоппен көрсетеді).

Жұлдызшы: Ал мынау Марс планетасы. (Қазақша аты — Қызыл жұлдыз). Диаметрі жағынан жерден екі есе кіші. Марста жыл мезгілдері ауысып тұрады. Ондағы тәуліктің ұзақтығы 24 сағат 37 минут 23 секунд болатыны аса дәлдікпен өлшенген.

— Жұлдызшы, сізге рақмет, ғаламшарлар туралы көп мәлімет бердіңіз.

Жұлдызшы: Балалар, білгеннің артықтығы жоқ. Сатурн ғаламшары туралы да аз мәлімет берейін. Күн жүйесіндегі ерекше бір түзіліс — Сатурн планетасы. (Қазақша аты — Қоңырқай). Оны айнала қоршаған жалпақ сақинаның қалыңдығы бірнеше километрге созылып жатады. Сондықтан Сатурн 30 жыл ішінде күнді бір рет айналып шығады. Сатурн - күн жүйесіндегі ең сопақ ғаламшар. (Телескоппен қарайды).

— Балалар, жұлдызшыға біз қай ғаламшарда тұратынымызды айтып берейік. (Біз Жер ғаламшарында тұрамыз. Ол күннен қашықтығы бойынша үшінші планета).

Жұлдызшы: Бәрекелді, нағыз дарынды балалар екенсіңдер. Менде мынадай ежелгі, ескі әрі сиқырлы кітап бар.

— Жұлдызшы, біз сол кітапты көргіміз келеді.



Жұлдызшы: Ол кітаптың ескіргені сондай, оның ішіндегі жазулардың барлығы өшіп қалды. Ал сөздері қалса да, ол түсініксіз. Сондықтан да, әр беттегі тапсырмаларды дұрыс орындасандар кітаптың беті орнына келеді.

— Жұлдызшы, мүмкін кітаптың қалпына келуіне біз көмектесерміз. Сіз бір сөзді буындап болса да оқысаңыз түсінікті болар еді.

Жұлдызшы: Ендеше алдымен орындықтарға отырайық. Енді назарларыңды маған аударыңдар. Ғалам-шар. Кітаптың бірінші бетінде ғаламшар деген жазу бар. Міне, мынау кітаптың беті.

— Бәрі түсінікті болды. Ендеше балалар, кітаптың бұл бетінде ғаламшарлар туралы жазылған екен. Бұл тапсырма бойынша ғаламшарларды ретімен орналас-тырып, аттарын атап, соған сәйкес сандарды қоюымыз керек.

Дид. ойын: «Ғаламшар».

— Күнге жақын орналасқан бірінші ғаламшарды кім атап береді? (Меркурий).

— Жер ғаламшары нешінші тұр? (Үшінші тұр).

— Жердің көрші ғаламшарларын атап беріңдер. (Шолпан және Марс. Шолпан екінші, Марс төртінші тұр).

Жұлдызшы: Міне, ғажап! Бұл беттегі өшіп қалған жазуларым орнына келді. Жарайсыңдар, балалар! Енді келесі сөзді тыңдаңдар. Келесі сөз, зы-мы-ран. Мына бетте зымыранның суреті болған сияқты.

— Балалар, осы бетті қалпына келтіру үшін, графикалық диктантты қолдануымыз керек. Нұсқау бойынша берілген нүктеден бастап, зымыран бейнесін саламыз. Бастапқы нүктеден екі тор көз жоғары, үш тор көз солға, үш тор көз қиғаш жоғары, сегіз тор көз жоғары, екі тор көз қиғаш жоғары, екі тор көз қиғаш төмен, сегіз тор көз төмен, үш тор көз қиғаш төмен, үш тор көз солға, екі тор көз төмен, төрт тор көз солға бастапқы нүктеге қосамыз.

Графикалық диктант: «Зымыран».

Жұлдызшы: Ғажап! Өз көзіме өзім сенбей тұрмын. Тапсырма дұрыс орындалған сайын өшіп қалған кітап беттері орнына келіп жатыр. Керемет!

— Әдемі әуен естіледі? Бұл не? Балалар, естіп тұрсыңдар ма?

Жұлдызшы: Бұл менің әлемімдегі бойымызға еркіндік және күш-қуат беретін әуен. Медитация: «Аспан әлемі». (Жай әуен естіліп тұрады).

— Олай болса, бойымызды сергітіп, демалайық.

Жұлдызшы: Қара мақпалдай түнгі аспан әлемін көз алдымызда елестетіп көрейік. Бұлтсыз, ашық, түнгі аспанда мыңдаған, самсаған жұлдыздар. Олар өте ұсақ, жалт-жұлт еткен нүктелер сияқты. Себебі, олар жерден алыс орналасқан. Ал шынында, олар үлкен жұлдыздар. Аспан әлемі адам баласына жұмбақ. Қане, қолымызды жүрегімізге қойып, ішімізден айтайықшы: «Менің жер планетам ерекше көркем, әдемі, тамаша. Онда көптеген ағаштар, гүлдер өседі, әдемі ғимараттар салынған, даласы сондай кең, орманы кілемдей жасыл, құстардың әндеткен үні құлағыңнан кетпейді. Міне, менің Отаным, менің планетам осындай! Демді ішке алып, қолымызды жоғары көтеріп, демді шығарып қолымызды төмен түсіреміз (5-6 рет).

Жұлдызшы: Ғажайып кітабымыздың соңғы беті қалпына келмепті. Оқып көрейін. Ка-лей-дос-коп.

— Түсінікті. Бұл ғажайып калейдоскоп қой. Балалар, бұл тапсырма бойынша калейдоскопты түрлі геометриялық пішіндерден құрастырамыз.

Шығармашылық жұмыс: «Калейдоскоп».

Жұлдызшы: Бәрекелді! Кітабымның қалпына келуіне көмектестіңдер, рахмет балалар! Сендер өздеріңнің білімді, зерек, алғыр екендеріңді көрсеттіңдер.

— Рахмет жұлдызшы, біз аспан әлемі туралы көптеген мағлұмат алдық. Енді біздің балабақшаға қайта-тын уақытымыз болды. Сау болыңыз. (Балалар жұлдызшымен қоштасып балабақшаға қайтады).





«ҰЛТТЫҚ КӨРМЕГЕ САЯХАТ»



ИБРАГИМОВА Алия
Аманбайқызы,
№34 «Болашақ»
бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Әлеумет.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу.

Мақсаты: Балалардың ұлттық кол өнерге деген қызығушылығын арттыру. Ұлттық шеберханалар түрлерімен таныстыру арқылы бала бойына ұлтжандылық қасиеттерді сіңіру. Бұйымдар атауларын атап, оны өз жұмыстарына қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа баулып, ортақ мақсатқа жұмыла білуге, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Балаларға сұлулық бейнесінде көркем дүниені менгерте отырып, дәстүрлі шеберлік өнерді қадірлеп, қастерлей білуге баулу.

Сөздік жұмыс: Киіз, бұйымдар, ісмер, ұста, зергер.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Қолданылатын құралдар: Түрлі-түсті боялған жүн, суретті таяқшалар, желім, үкі қауырсыны, ою, қыстырғыштар, ұлттық зергерлік бұйымдар.

Шаттық шеңбері.

— Балалар, сендер «шеберхана», «шебер» туралы білесіңдер ме? Олар қандай мағынаны білдіреді? (Шеберхана — тұрмысқа қажетті бұйымдар мен заттарды дайындап жасайтын орын. Шебер — осы шеберханада бұйым жасайтын адам, Оның жасаған бұйымдары қолмен жасалуымен ерекшеленеді).

— Дұрыс айтасыңдар. Халық арасында қолынан іс келетін шебер адамды «Он саусағынан өнер тамған адам» - деп атайды. Балалар, шеберханада жасалатын заттармен танысу үшін ұлттық бұйымдар көрмесіне саяхатқа барғыларың келе ме? (Балалар барғылары келетінін айтып, қуана жауап береді. Ұлттық бұйымдар көрмесіне барады. Оларды көрмедегі апай күтіп алады. Балалар апаймен амандасады).

Апай: Сәлеметсіңдер ме, балалар.

Әркімге керек қол өнер,

Он саусаққа он өнер.

Түгел болар дүниен,

Біліп алсаң оны егер.

Балалар, сендерді біздің көрмедегі бұйымдармен таныстырығым келеді. Қазақ халқының ұлттық бұйым-

дары сан алуан және әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Қарандаршы, мынау ожау, астау және кеселер. Бұлар ағаштан жасалған бұйымдар. Ал, сырға, шашбау, алқа, сакина, өңіржиек зергерлік бұйымдар. Қой жүнінен оюлап басылған киіз, ою-өрнектермен безендірілген. Қазақ халқының ұлттық киімдері: камзол, сәукеле және бешпент. Олардың әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы бар ғажап бұйымдар.

— Балалар, көрмедегі бұйымдар өте әдемі екен, сендерге ұнады ма? (Ұнады).

Апай: Балалар, шеберлер туралы не білесіңдер? (Балалардың жауабы).

— Шеберхана өте ертеде пайда болып, қазіргі таңда жанарып, бірнеше салалары пайда болды. Зергер — алуан түрлі сәндік бұйымдар мен әшекей заттарды (сакина, сырға, білезік, қаптырма т.б.) алтынмен аптап, күміспен күптеп, зерлеп, ажарын, сәнін кіргізіп айшықтап жасайды. Зергер жасаған дара бұйымдар өз құндылығын жоғалтпайды.

Ісмер — ұлттық киімдер тігумен айналысатын, қолынан іс келетін адамдар. Тігін тігумен, ою оюмен, құрақтар құраумен, киіз басумен айналысады. Ісмердің құралдары: инелер, жіптер, қайшы, өлшеуіш құралдары т.б. Сонымен қатар, ісмер киіз басумен де айналысады. Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, киіз басуды әбден менгеріп, өнер дәрежесіне көтерген.

Ағаш шебері — ағаштан әртүрлі бұйымдар жасайтын маман. Ағаштан жасалған бұйымдар төзімді, әрі жеңіл болғандықтан қазақтың көшпелі тұрмысында қолдануға ыңғайлы болды. Ағашпен жұмыс кезінде кесу, тесу, оюлау, өңдеу, жону, бедер салу сияқты әдістерді қолданады. Ағаш шеберінің негізгі құралдары: сүргі, бұрғы, түрпі, қашау, сыдырғы, егеу, үскі т.б.

Ұста — қару-жарак, ер-тұрман, сауыт-сайман жасаумен шұғылданатын адам. Ұстаның негізгі құралдары: көрік, төс, ерітетін ожау, балғалар, көсеу, қашау, сым, қалыптар т.б. Ұста қалыпта құю, соғу, шегендеу, зер жүргізу сияқты тәсілдерді қолданған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұсталық киелі кәсіп деп



бағаланған. Ұсталық кәсіп атадан балаға жалғасып отырады.

Апай: Керемет, дұрыс айтасындар. Өздерің шынында да нағыз білімді, алғыр екенсіңдер. Сендер өнер туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме? (Білеміз).

Мақал-мәтелдер:

Өнерлі өрге жүзеді.

Өнерді үйрен де жирен.

Өнерлі бала сүйкімді.

Кедеймін деп қысылма, өнерің болса қолыңда.

Өсер халықтың канаты, оның өнері.

Ою ойғанның ойы үшкір.

Апай: Жарайсындар! Халқымыз: «Өнерді үйрен де жирен» — деп бекер айтпаған. Сендер өз қолдарыңмен бұйым жасап үйренгілерің келе ме? (Иә).

Апай: Мына бірінші үстелде зергерлердің, екінші үстелде ағаш шеберлерінің, ал үшінші үстелде ісмерлердің құралдары бар. Өздеріне ұнаған жұмыспен шұғылдану үшін тиісті үстелдерге отырындар. Алдарыңда тұрған құралдарды пайдаланып өздеріне ұнайтын жұмыспен шұғылданып, белгілі бір бұйымды жасап көріңдер. Істеріңе сәттілік.

— Жұмыс бастамас бұрын қауіпсіздік ережелерін еске түсіріп, оны сақтаймыз. Біз қайшымен, балға және ыстық желіммен, сабын, сумен жұмыс жасаймыз. Және жұмыс орнын таза ұстауға тырысамыз.

I-топ — ісмерлер тобы. Олар берілген құралдардан қуыршаққа арнап сәукеле әшекейін жасайды. Киіз басады және қой жүнінен картина жасайды.

II-топ — зергерлер. Білезік, сырға және белдік жасайды.

III-топ — ағаш шеберлері. Таяқшалардан (медициналық шпатель) картина және шәйнек қоятын тұғырмен стакандар жасайды. Әр топ жұмыстарын аяқтаған соң, не жасағандарын айтып, әңгімелеп береді.

Апай: Өте жақсы, жарайсындар балалар! Сендер тек қана білімді, алғыр емес, сондай-ақ шебер екенсіңдер. Маған сендердің жасаған жұмыстарың ұнады.

— Балалар, сендердің жасаған бұйымдарың маған да ұнады. Өз жұмыстарымызды осы көрмедегі апайға ұсынайық, көрмеге қойсын. Апай, сізге рақмет. Біздің балалар сіздің көмегіңізбен өз қолдарымен, нағыз шеберлердей жұмыс жасады. (Балалар апаймен қоштасып, өз балабақшаларына оралады).

«АСЫҚ ОЙНАҒАН ОЗАР»



**ТАСКЫМБАЕВА Айгерім
Жеңісқызы,
№34 «Болашақ»
бөбекжайының тәрбиешісі**

Білім беру саласы: Вариативтік компонент.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Этнопедагогика.

Мақсаты: Атадан балаға өнеге болып қалар қазақ ұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі асықты балаларға таныстырып көрсету, ойнату, түсіндіру, әртүрлі түстегі асықтармен тапсырмалар орындату. Асық ойынының шығу тарихы мен түрлерін таныстыру. Асық ойыны арқылы баланы жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбиелеу. Балалардың ой-өрісін жетілдіру, қазақ халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, слайд.

Көрнекі құралдар: Асықтар, дидактикалық тапсырмалар орындауға арналған құралдар, интерактивті такта, қоржын, асықтар.

— Балалар, өзімізді еркін ұстайық. Көз алдымызға күзгі әдемі бақты елестетейік. Қарандаршы, айналамыз қандай әдемі. Жан-жағымыздағы жапырақтар жерде шашылып жатыр. Олардың жұмсақ иісі жоғары көтеріліп, ауада тұр. Өзіміздің денемізді бос ұстап, терең дем алайық. Күзгі ауа қандай тамаша! Жел тұрды, ағаштар оңға-солға шайқалып, иіледі. Жәй ғана жаңбыр сіркіреді. Жел күшейді, жаңбыр құя бастады. Бір сәтте, сарғайған жапырақтардың үстіне, кішкентай жаураған құс ұшып келіп қонды. Құс қатты жаурап, дірілдей бастады. Балалар, қане, бәріміз бірге құсты екі қолмен көтеріп алып, үрлейік. Демді ішке алып, жылу берейік. Балалар, қарандаршы, құсымыз жылынды. Қанатын қаға бастады. Олай болса, қолымызды жоғары көтеріп, құсымызды ұшырайық.

Шаттық шеңбері.

Ал, ойнайық, балалар,

Әр асықта баға бар.



Ұта білген баланы —
 Әрбір бала бағалар.
 Шиыр, кәне, асықты,
 Танда және қашықты.
 Алшы тұрғыз сақаны.
 Қаламаймыз жасықты!
 Мына бала қайтеді...
 Тұрғызды ғой тәйкіні.
 Сірә, өзі ұтқыш-ау,
 Пысық екен, әй, тегі!
 — Балалар, өлең шумақтарында не туралы айтыл-
 ған? (Асық туралы).

— Олай болса, экранға назар аударып, асықтарды есімізге түсірейік.

Асық — төрт түлік мал мен қоңыр аңның санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алынады. Оның түрлері өте көп. Атап айтатын болсақ:

Сака — асықтың үлкен әрі шымыр түрі.

Кеней — көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар.

Шүкейт — жас малдың асығы.

Қойлық — қойдың асығы.

Ешкімек — ешкінің асығы.

Көктабан — қорғасын құйылған салмақты, сака асық.

Топай — сиырдың асығы.

Жабай — ірі асық.

Қолқар — арқардың асығы.

Осы сәтте есік қағылып, Томпай ата залға кіреді.

Ата: Асық туралы сөздерді естіп, онымен ойнайтын балалар бар екен ғой деп қуанып тұрмын.

— Сәлеметсіз бе, атай. Қош келдіңіз, төрлетіңіз.

Ата: Е-е дүние-ай, біздің де дәуреніміздің өткені ғой. Біздің кезімізде бала асықпен ойнамайынша, уақытын өткізе алмаушы еді. Ал қазір балалар телефон, компьютер, дэйнди дей ме, әйтеуір, бір терезеге қарап отырғаны. Бұрынғыдай асық атып, асыр салып ойнаған балаларды да көрмейсің. Ешкімге керексіз болып қалды-ау деп, ойланып келе жатыр едім. Балабақшадағы топтарды аралап жүріп, сендердің дауыстарыңды естідім.

— Дұрыс айтасыз ата, біздің балалар асық туралы жақсы біледі.

Ата: Асық туралы білеміз дейсің бе? Оны сендерге кім айтты, кім үйретті?

1-тапсырма: «Асық» туралы мәлімет.

(Балалар атайға асық туралы айтып береді).

— Ата, балалардың асық туралы білімдері қалай екен?

Ата: Расында, балалар сендер мені таңғалдырып отырсыңдар.

— Иә, дұрыс айтасыз. Біздің балалар білімді, алғыр. Кез келген тапсырманы бірден орындайды. Ал енді олай болса келесі тапсырмаға көшейік.

2-тапсырма: «Кім жылдам?».

Шарты: Балаларға бірнеше сұрақтар беріледі. Сұрақтың жауабын алдарындағы тақтайшаға асықтың көмегімен белгілеп, ауызша айтып береді.

Сұрақтар: Бір жылда неше мезгіл бар? (4)

Ортасында қандай әріп жоқ? (А...А) (А...А). (Ата, ана)

Төрт қабырғасы тең болса,

Төртбұрышы тең болса.

Жауап берер балақай,

Ой өрісі кең болса,

Бұл қандай пішін? (Төртбұрыш)

Бір аптада неше күн бар? (7)

Үш алу екі, тең болады... (1)

3-тапсырма: «Асық ату».

Шарты: Ортаға асықтар шашылады. Асықтардың ішінде түсі қызыл өзі ірі «Хан» асығы бар. Асықтар шашылған уақытта, кімнің қолына «Хан» асығы түссе, сол бала асық ату ойынын бірінші бастайды. Кімде кім дұрыс ата алмай қалса, айыбын өтеу үшін оған сұрақтар беріледі. (Балалар ортаға асықтарын тігеді, ойын басталады. Асыққа тигізе алмаған балаға қыздар айыбын өтеу үшін сұрақтар қояды).

Ата: Сендер білесіңдер ме, асық ойнаған бала есепке жүйрік, шапшан, қырағы епті болып өседі екен. Осыны естеріңнен шығармаңдар.

Сұрақтар: Сака деп қандай асықты айтамыз? (Сака - атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалған, ірі салмақты асық).

Қандай ұлттық аспаптарды білесің? (Домбыра, дауыппаз, жетіген, шаңқобыз).

Асықпен ойналатын қандай ойындарды білесің? («Асық ату», «Ханталапай», «Алшы ойыны», «Тас қала», «Үш табан»).

Қандай ұлттық киімдерді білесің? (Такия, сәукеле, шапан, камзол, кәжекей).

Қандай ұлттық ойындарды білесің? («Қыз куу», «Көкпар», «Алтыбақан», «Аударыспак», «Теңге алу»).

Қазақтың қандай ырымдарын білесің? (Дастарханды баспа, аттама; адамды айналма; сүтті жерге төкпе).

Қандай ұлттық тағамдарды білесің? (Бауырсақ, казакша ет, айран, сүт, қымыз).

Жеті қазынаны ата? (Жүйрік ат; қыран бүркіт; құмай тазы; берен мылтық; қакпан; майланғыш ау; өткір кездік).

Асықтарды иіргенде түсу жолы нешеге бөлінеді? (Бүк, шік, алшы, тәйкі, омпы, шоңқай).

Ата: Жарайсыңдар! Нағыз епті, мықты, алғыр балалар екенсіңдер.

— Ата, біздің балалар тек асық атып қоймайды. Олардың шеберліктері де бар. Сіз оның куәсі болыңыз.

Ата: Асық дейсің бе? Ою дейсің бе? Бұл қандай өнер? (Таңғалу).

4-тапсырма. Шебер қолдар. «Оюды — асықпен тізбектеу».

Шарты: Алдарындағы түрлі-түсті асықтардан, тү-



сіне сәйкес оюды бейнелеп шығу. Тапсырманы орындау барысында, асықтың өздері қалаған түсу қалпын сақтау керек. (Балалар тапсырманы орындайды).

Ата: Жарайсындар! Мен сендерге ризамын. Өздеріңнің білімді екендеріңді дәлелдеңдер. Мен сендерге

дерге өзімнің «алтын сақамды» сыйлыққа беремін. Ал балалар, сау болындар. (Сау болыңыз, рахмет).

— Балалар, ортаға шығып бүгінгі оқу қызметімізді көңілді әнмен аяқтайық.

Ән: «Асық әні».

«БІЛІМДІ МЫНДЫ ЖЫҒАДЫ»



ЖОЛДЫБАЕВА Назгул
Сагидуллақызы,
«№34 «Болашақ»
бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: Математика негіздері.

Мақсаты: Балалардың заман талабына сай әр саладағы білімдерін кеңейте отырып, білім деңгейін байқау. Сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыта отырып, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, белсенділігін арттыру. Жарыста жеңімпаз болуға ұмтылдыру. Білімді, дарынды, озық болуға, алған білімдерін қолдана білуге тәрбиелеу.

— Құрметті қонақтар, «Білімді мыңды жығады» атты сайысымызға қош келдіңіздер. Бүгінгі интеллектуалдық ойын, сайыс түрінде өтеді. Ойынға екі топ қатысады. «Каспий» мен «Қайсар» тобын қошеметпен ортаға шақырайық. (2 топтың ойыншылары шығады).

— Балалар, білімді болуға дайынбыз ба? (Иә, дайынбыз).

— Ойын 6 бөлімнен тұрады. «Таныстыру». «Логикалық сұрақтар» (Сұрақ-жауап кезеңі). «Бұл қай ертегі?». (Ертегі кейіпкерлерінің суреті көрсетіледі, оның қай ертегі екенін табады). «Математикалық жұмбақ есептер». Мақал-мәтелді жалғастыру. «Неден жасалған?». Ал енді, әр топ жетекшісі өз ұранымен таныстырады.

«Каспий» тобының ұраны: «Болашақтың ұл-қызымыз, Көркейтеміз елді біз!».

«Қайсар» тобының ұраны: «Білім алып бүгін алтын ұяда, Ертең әлі шарықтаймыз қияда!». (Балалар орындарына отырады).

— Балалар, үстелдің үстіндегі құралдарға назар аударайық. Музыкалық балға берілген сұраққа жауап дайын болса, сол топ белгіленген жерге соғып дайын екенін айтады. Дұрыс берген жауабымызға жинаған ұпай ретінде бір асықтан саламыз. Енді назарымызды тақтаға аударайық. Мұның ішінде ұяшықтар бар.

Яғни, бүгін біздің орындайтын тапсырмаларымыз осы ұяшықтарда пішіндермен белгіленген. Қандай пішіндер екені өздеріңізге таныс. Шарды жарамыз. Алдымен екі топтың басшыларын ортаға шақырамын. Шардың ішіндегі қағазда 1 мен 2 саны жазылған. Кімге 1 саны түссе, сол команда басшысы ойынды бастайды.

Логикалық сұрақтар. Кім жылдам? (Сұрақ-жауап).

Каспий тобы: Біз қай Республикада тұрамыз? (Қазақстан Республикасында). Алма үлкен бе, түйме үлкен бе? (Алма үлкен). Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе? (Қоян). Жапырақ қай мезгілде сарғаяды? (Күзде). Бағдаршамда неше көз бар? (3).

Қайсар тобы: Қолғапта неше сауақ бар? (5). Адамда неше көз бар? (2). Жұлдыздың неше бұрышы бар? (5). Төрт түлік малды ата? (Қой, жылқы, сиыр, түйе, ешкі). Аспанда неше жұлдыз бар? (Көп).

«Бұл қай ертегі?». (Слайд арқылы ертегі кейіпкерлерінің суреті көрсетіледі. Ойыншылар оның қай ертегі екенін табады).

Каспий тобы: «Бауырсақ». «Үш аю». «Мақта қыз бен мысық». «Үйшік».

Қайсар тобы: «Қызыл телпек». «Рапунцель». «Жеті лақ». «Шұбар тауық».

«Математикалық жұмбақ есептер».

Қайсар тобына: Табақта үш алма,

Қолымда екі алма.

Барлығын қосқанда,

Болады неше алма? (5 алма).

Әжемде бар еді үш моншақ,

Анам берді бір моншақ.

Сонда әжемде,

Нешеу болды моншақ? (4 моншақ).

Бір алманы 4-ке бөлдім,

Бір бөлігін жеп те көрдім.



Қалған үлкен 3 бөлігін,
Қасымдағы 3 досыма бердім.
Қолымда менің не қалды? (0).

Каспий тобына: Бес қонжық орманға,
Бара жатты қорбандап.
Бір қонжық шаршады,
Әрі қарай бармады.

Жауабын қане тез айтшы,
Қанша қонжық кетті алда? (4).

Тал басында тізіліп, бес жапырақ тұр еді,
Жел соқты да үзіліп, ұшып кетті біреуі.
Ізінше оның жұлынып, түсті тағы екеуі.

Тұр әлі ілініп, жапырақтың нешеуі? (2).

Аулада үш үйрек,

Қорада бір үйрек.

Бір үйрек тығылды,

Бір үйрек жығылды,

Қалғаны неше үйрек. (2).

Мақал-мәтелді жалғастыру.

Д/о: «Неден жасалған?».

Мақсаты: Адамға қажетті заттарды танып, талдай білуге, нені қалай жасауға, қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.

Қорытынды: Балаларды мадақтау.

«САН ЖӘНЕ САНАУ»



КИРБАЕВА Инкар
Есенғалиқызы,
№34 «Болашақ»
бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Таным».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Мақсаты: Бала бойына өтілген және жаңа тақырып бойынша қарапайым математикалық ұғымдарды сіңіру. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санай білуге үйрету. «Қанша», «сонша», «тең» ұғымдарын меңгерту. Көңілді тапсырмаларды шығару арқылы 10 саны көлемінде білім-біліктілігін қалыптастыру. Балалардың танымдық, шығармашылық, сөйлеу іс-әрекеттерін дамыту. Жан-жақты ойлау қабілетімен сұраққа толық жауап беру деңгейін арттыру. Жинақылыққа, бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Ой қозғау, әңгімелеу, логикалық ойын дамыту, сұрақ-жауап, көрсету, санау, қайталау, бағалау, қорыту.

Көрнекі құралдар: 1-10 саны таңбалары, «Жеті лақ» ертегісінің суреттері, кима қағаздар, үлестірмелі материалдар.

Құралдар: Интербелсенді такта, слайд, суреттер.

Шаттық шеңбері.

— Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

— Қыстың қандай ерекшеліктері бар? (Балалардың жауабы).

— Біз өткенде қандай сандармен таныстық? (1-10-ға дейінгі сандар).

— Осы сандарды барлығымыз бірге есімізге түсірейік. Тура және кері санайық.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10. 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1.

— Балалар, қане тактадағы суретке назар аударайық. Суретте не бейнеленген? (Лактардың суреті бейнеленген).

— «Жеті лақ» ертегісін тыңдағыларың келе ме? (Иә).

— Бүгінгі оқу қызметіміз «Жеті лақ» ертегісі желісінде өтеді. (Тәрбиеші балаларға «Жеті лақ» ертегісін айтып береді).

— Балалар, ешкі қасқыр ұрлап кеткен лактарын іздеп жүрген көрінеді. Біз енді ешкіге көмектесейік. Қасқыр лактарды қамап қойыпты. Ол бізге тапсырмалар беріп жіберіпті. Ішінде неше лақ болса, сонша тапсырма бар. Егер осыларды орындасандар бір-бірлеп лактарды босатамын депті. Ал орындай алмасақ, қасқыр лактарды босатпайды. Оның тапсырмасын орындаймыз ба? (Иә).

(Әрбір тапсырманы орындаған соң, лақты анасының жанына орналастырады).

I-тапсырма: «Көршісін тап». Берілген карточкадағы сандардың көршісін тауып қою, санды атап беру.



II-тапсырма: Жұмбақтар. «Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?». (Балалар берілген жұмбақтарды шешеді).

III-тапсырма: Ойын: «Сәйкестендір».

Шарты: Суреттегі заттарды санап, санды сол суретке сәйкестендіру қажет.

IV-тапсырма: Сергіту сәті.

V-тапсырма: Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».

Санын білмей сәбіздің,

Қоян әбден тосылды.

Көмектесіп жіберші,

Құтқарып сен досыңды.

Оң қолында төрт сәбіз.

Сол қолында үш сәбіз. (7)

Айболда екі алма,

Нұрболда екі алма.

Санашы, санашы,

Барлығы неше алма? (4)

VI-тапсырма: Есептер шығару.

Шарты: Берілген есептің шешуін тауып, сол санға сәйкес себетке салу.

VII-тапсырма: Ойын: «Суреттерді салыстыр».

Шарты: Суреттегі заттарды санап, қайсысы көп, қайсысы аз немесе тең екенін таңбалармен көрсету.

— Жарайсыңдар, балалар! Сендер қасқырдың берген тапсырмаларын орындап, 7 лақты құтқардыңдар. Сол үшін ешкі сендерге өзінің сыйлықтарын беріп жіберіпті. (Сыйлықтарды үлестіру).

«ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА»



МУКАТОВА Джайкул
Мурзаханқызы,
№34 «Болашақ»
бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Таным».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Мақсаты: Балалардың сан және санау, геометриялық пішіндер, қосып-алу, кеңістікті бағдарлау бөлімі бойынша өткен білімдерін бекіту. Ойындар арқылы математика негіздеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: Сандар, тапсырма карточкалар, А3 формат, желім.

Шаттық шеңбері.

Қонаққа әуенмен Ақшақар келеді. Балалар Ақшақармен амандасады.

— Ақшақар, қош келдіңіз. Төрлетіңіз!

Ақшақар: Балалар, маған балабақшадағы әр сәт өзінің ерекшелігімен ұнайды. Оқу қызметтері, серуен және қызықты әртүрлі ойындар. Мұнда өте көңілді, әрі қызықты екен.

— Ақшақар, сенің келгенің қандай жақсы болды. Біздің балаларға сенімен өте көңілді. Ендеше оқу қызметімізді бастайық.

I-тапсырма: «Кім жылдам?».

Шарты: Сұрақ-жауап бойынша өткен тақырыптарды пысықтау.

— Бір жылда неше мезгіл бар? Қазір жылдың қай мезгілі, қай айы? Қыс мезгілінің белгілерін ата. Бір аптада неше күн бар? Аптаның үшінші күні қалай аталады? Тәулік мезгілін ата. (Балалардың жауабы).

II-тапсырма: «Есеп».

Карточкадағы суреттерді санап, қосу-алу таңбалары арқылы шешуін санмен қояды.

Сергіту сәті: «Қарама-қарсы сөзді ата».

Шарты: Балалар шеңбер бойында тұрады. Жүргізуші бір сөз айтып допты балаға лақтырады. Допты қағып алған бала сол сөзге қарама-қарсы болатын сөзді айтады да, тағы бір сөз айтып допты келесі балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

— Жарайсыңдар, балалар! Енді орындарымызға отырып келесі тапсырмаға дайындалайық.

III-тапсырма: «Кеңістікті бағдарлау».

Шарты: Берілген тапсырмадағы бағыттар бойынша әріппен санның қиылысқан жеріндегі суретті тауып, белгіленген орынға қою.

— Тамаша! Бізге тағы да қонақ келе жатқан сияқты. Кім болды екен? (Аққала келеді).

— Аққала, сәлеметсіз бе, қош келдіңіз!



Аққала: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мені Аяз ата немере қызы Ақшақарды алып келуге жіберді. Мұз патшалығына шақырып жатыр.

— Аққала, күте тұр, Ақшақардың балалармен орындайтын тапсырмалары бар. Аққала, сенде бізбен бірге қызықты тапсырмаларымызды орында.

IV-тапсырма: «Бүтін - бөлік».

Шарты: Берілген геометриялық піншіндерді бү-

тін, жарты, ширек бөліктерге бөліп, А3 форматына бейне құрастыру.

Аққала: Жарайсындар, балалар!

Ақшақар: Аққала, бүгін мен балалармен күнімді көңілді өткіздім. Сонымен қатар тапсырмаларда өте қызықты болды. Балалар өте білімді екен.

— Ақшақар, бізбен бірге тапсырмалар орындағаның үшін саған көп-көп рахмет!

(Аққала мен Ақшақар балалармен қоштасады).

«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ»



БЕСПАЕВА Гулжахан

Токташбайқызы,

Алматы қаласындағы
№129-балабақшаның
меңгерушісі

Білім мазмұнын жаңарту — білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті, дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды тәрбиелеу. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттарын айқындау, бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Баланың қажеттіліктері — ойын, қимыл-қозғалыс, таңдау, өз өмірін бақылау, пайдалы іс-әрекетпен айналысу, жақын қарым-қатынас, танымдық белсенділік. Балабақшадағы дамытушы орта — заттар мен ойыншықтарға баланың еркін қолжетімділігін және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, бұл орта балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, психофизиологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелер жаңартылған білім беруді іске асыруда 4К моделімен жұмыс жүргізуде. 4К моделі деген не? Балабақша балалары үшін

ол қаншалықты қажетті? Қолдану тиімділігі неде? — деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. 4К моделі: сыни ойлауды, шығармашылықты, қарым-қатынасты және ынтымақтастықты өлшеу құралы. Толығырақ тоқталып өтетін болсақ: Біріншіден, шығармашылық (креативтілік) — өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдаятты әр тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, басқа адамдардың бастамаларын дамытып, жетілдіре алу қабілеті қалыптасады. Екіншіден, қарым-қатынас (коммуникативтілік) — ойлауда, сезінуде, қарым-қатынас жасауда икемділік — іс-әрекеттің жеке түрлерінде, бірегейлілігі; жеке тұлғаны жетілдіруде оның мәселені шешу қабілеті, яғни талдау қабілеті қалыптасады. Үшіншіден, командалық жұмыс барысында балалардың бір-біріне достық, адами тұрғыдағы қарым-қатынасы дамиды, ынтымақтастық құзыреттілігі қалыптасады. Төртіншіден, сыни ойлау (критическое мышление) арқылы балалардың ақпараттар ағынын бағдарлай алу, себеп-салдарлық байланыстарды көру, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылау, қажетті жағдайда шешім шығарып, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсіну дағдылары дамиды.

Мектепке дейінгі білім беру үрдісінің мазмұны жаңа әдістер мен педагогикалық технологияларды қолданумен ерекшеленеді. Оны іске асыруда негізгі



қолданылатын әдіс — ойын. Ойын — мектепке дейінгі жастағы бала қызметінің жетекші түрі, тиімді әдісі және балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыратын оқыту мен тәрбиелеу құралы болып табылады. Ойын арқылы бала дамып, шығармашылығы артады.

Бала ойын арқылы өзіндік әлеуетін байқап, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді үйренуі тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

«БАЛАБАҚШАДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНДАР»



АХМЕТОВА Улжалгас
Салкынбекқызы,
№129-балабақшаның әдіскері

Интеллект (лат. intellectus — таным, ұғыну, аңдау) — жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты.

Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістері кіреді. Интеллект — адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект функциялары: оқуға деген, қоршаған болмыстың заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік. Бірқатар психологиялық тұжырымдамаларда интеллект ақыл-ой операцияларының жүйесімен теңестіріледі.

«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» — деп қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын — мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын — білімді, ақылды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуі тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы, оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын — ойын әрекеті болып саналады. Өйткені, ойын үстінде баланың бейімділігі, мүмкіндігі, қызығушылығы анық байқалады.

Интеллектуалдық ойындар — баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі. Өмір құбылыстарының бірі. Сондай-ақ, баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет. Танымдық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А. Коменский қалады. Ол: «Таным бастамасы — сезімнен,

бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», — деп жазды. Танымдық әрекет — баланың білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Әрекеттің негізінде балаларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздық қалыптасады. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуда ширақ болуы, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді. Біз өз балабақшамызда интеллектуалдық ойын түрлерін жиі қолдану барысында балалардың танымдық қабілетін, алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздейміз. Ойындар: зияткерлік, әлеуметтік, шығармашылық, еркін, қимылды т.б. ойындар болып бөлінеді.

Интеллектуалдық ойын — баланың танымдық қызығушылығын күшейтіп, логикалық ойлауына, басқа адамдармен іскерлік қатынастарына әсер етеді. Ойын — бұл еркін және өзіндік әрекет. Ол баланың жеке қызығушылығынан туады. Баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктерін ашады.

Адам меңгермейтін білім бар ма?

Жойқын күшті тындырар күшің барда.

Оқы, үйрен, жас ұрпақ, бәрін меңгер,

Алға қойған мақсатың, ісің барда! — дегендей, интеллектуалдық ойын — бұл тек білім бұлағы ғана емес, ептілік танытып, қиындықтан жол тауып, өз білімін көрсетіп, жеткен жеңісіне қуану. Зияткерлік ойындар



адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, лабиринт, сөзжұмбақ, кроссворд т.б. зиякерлік ойындар баланың логикалық

ойлау қабілетін дамытады. Ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді, яғни интеллектін көтереді.

«ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА»



АКЫШЕВА Айну
Ерланқызы,
№129-балабақшаның
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: Заттарды көлеміне (үлкен-кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды, геометриялық пішіндерді ажырата білуді үйрету. Интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту.

Қолданылатын көрнекілік құралдар: Геометриялық пішіндер, санау таяқшалары, суреттер.

Билингвальды компонент: Үшбұрыш-треугольник, шеңбер-круг, төртбұрыш-четыреугольник. Қызыл-красный, жасыл-зеленый, сары-желтый.

— Балалар, бүгін балабақшаға қандай көңіл-күймен келдіңдер? (Жақсы).

— Олай болса, бәріміз шаттық шеңберіне тұрып бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдірейік. (Балалар бір-біріне тілектерін айтады).

— Қазір жылдың қай мезгілі? (Балалардың жауабы).

— Қане, бәріміз бірге суретке қарап әңгімелейік.

Күз ерекшелігі қандай? (Күн суыта бастайды, адамдар жылы киімдерін киеті, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жапырақтар сарғайып, жерге түсе бастайды).

Жұмбақ:

Тиіскенді түйреген, Киімі бар инеден. (Кірпі)

Ғажайып сәт: (Кірпінің келуі).

Кірпі балалармен амандасып, оларға тапсырмалар ала келгенін айтады.

Ойын: «Үлкен және кішкентай».

Кірпі балаларға суреттен өзінің достарын табуды ұсынады.

— Суретте не көріп тұрсындар? (Кірпілерді көріп тұрмыз).

— Олар бірдей ме? (Жоқ, әртүрлі).

— Кірпілер қандай екен? (Үлкен және кішкентай).

— Олар нені жақсы көреді? (Сүтті жақсы көреді).

Кірпі балаларға суреттегі сүті бар екі кесені көрсетеді. Олардың кірпілерге арналғанын айтады. Кірпі балаларға тапсырма береді: Үлкен кірпі қай кеседен, кіші кірпі қай кеседен сүт ішеді? (Балалардың жауабы).

Сергіту сәті.

— Балалар, кірпілер сүтті ғана емес, алманы да жақсы көреді екен. Ол өзіне қысқы азығын жинап алмақшы. Кірпіге көп алманың және бір алманың қай жерде тұрғанын айтып берейікші. (Суретпен жұмыс).

— Ағашта неше алма бар? (Бір алма бар).

— Ал екінші ағашта неше алма бар? (Көп алма бар).

— Қай алма ағашында көп алма бар? (Үлкен алма ағашында).

Кірпі: Балалар, орманда келе жатып, мына қағазды тауып алдым. Не екенін білмедім. Мүмкін апайларым оның не екенін түсіндірер. Ал, мен орманға кеттім. (Кірпі балаларға алғыс айтып, қоштасып шығып кетеді).

— Қане, ашып көрейік, бұл не екен? Хаттың ішінде неше түрлі пішіндер бар екен. Пішіндерді кім атап береді? (Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек).

— Ауада осы пішіндерді жасап көрейікші. (Балалар ауада жасап көрсетеді).

— Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? (Иә).

— Ерте, ерте, ертеде бір сиқырлы сандықша болыпты. Ол, міне, мынадай екен. (Сандықты көрсетеді). Сырты қандай әдемі безендірілген. Оның ішінде не бар екен? (Сандықты қозғалтып, ішіндегі заттарды тықылдатады). Тыңдап көріндерші, бұл сандық ерекше сиқырлы болғандықтан ішіндегі дыбыстары да сиқырлы көрінеді. Қане, ашып көрейік. Бұл пішіндер әдемі, өте көңілді геометриялық пішіндер екен. Осы пішіндермен «Кім жылдам?» ойынын ойнайық. (Топпен жұмыс).



«КӨҢІЛДІ САНДАР ЖӘНЕ ПІШІНДЕР»



ЖУМАГАЛИЕВА Сымбат
Тлеубергенқызы,
№129-балабақшаның
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: Балалардың интеллектуалды ойындарға деген қызығушылығын қалыптастыру. Түстерді ажыратып, 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауға үйрету. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, баланың ой-өрісін жетілдіру, білімділікке және тапқырлыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Пішіндер, сандар.

Сөздік жұмыс: Интеллектуалды ойын.

Билингвальды компонент: Үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-четырёхугольник, шаршы-квадрат, дөңгелек-круг.

— Балалар, бүгінгі оқу қызметін «Көңіл-күй» ойынымен бастаймыз. Мына текшенің бетіндегі көңіл-күйлерге қарап, оны ым-ишаралар арқылы қайталап көрсетіңдер. (Балалар көңіл-күйді ым-ишарамен білдіреді).

— Біз өткен оқу қызметтерінде түстермен, 1-ден 10-ға дейінгі сандармен танысып, тура және кері санауды үйрендік.



Ойын: «Мен санаймын».

1-ші топ 1-ден 10-ға дейін тақтада ретсіз тұрған сандарды тауып, тура санайды.

2-ші топ 1-ден 10-ға дейін тақтада ретсіз тұрған сандарды тауып, кері санайды.

Ойын: «Жылдам ойлан».

Бірінші топқа орны ауысқан сандар жазылған қағаз, екінші топқа түрлі-түсті дөңгелектер салынған плакат беріледі. Тәрбиеші түстерді атағанда балалар мөлдір түсті стақанмен аталған түсті тауып, үстінен басып көрсетеді. Ойын балалардың ой-өрісін, жылдамдығын арттырады.



— Жарайсындар, балалар! Тапсырманы мұқият орындап, белсенділік таныттыңдар.

«Геометриялық пішіндер». Пішіндер туралы ақпарат беру.

Сергіту сәті.

Ойын: «Көңілді пішіндер».

Ойынның шарты бойынша балалар екіге бөлінеді. Жерге әртүрлі геометриялық пішіндердің суреттері қойылады. Балаларға геометриялық пішіндер таратылады. Балалар өздерінің геометриялық пішіндеріне сәйкес тәрбиешінің нұсқауы бойынша қос аяқпен секіріп, пішін бойынша үстінен басып секіреді. Қай топ жылдамдық танытса, сол топ жеңіске жетеді.

Ойын: «Кім жылдам?».

Ойын барысы: Екі топқа арнайы тақтайшада ретсіз орналастырылған геометриялық пішіндер беріледі. Балалар түстеріне, пішіндеріне қарап таяқшаларда орналастырылған геометриялық пішіндерді тауып сәйкестендіреді.



Ойын: «Ойлан, тап».

Ойын барысы: бес саусақты қолғаптың әрбір саусақтарын берілген сандармен сәйкестендіріп, түстері бойынша ажыратып, кішкентай шарларды қолғаптың әрбір саусақтарына орналастырады.

Оқу қызметінің соңында тәрбиеші балалардың алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы бекітеді.



«ЗЕРДЕ» – КӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР КЛУБЫ



МУХАМЕТЖАНОВА Кулсара
Алимбекқызы,
№129-балабақшаның
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Мақсаты: Интеллектуалды ойын арқылы балалардың тілін, сыни ойлау және ой тұжырымдау мен пайымдауларын жетілдіру. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау, қиялдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Командада топпен жұмыс істей білуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: Суреттер, сандар, дидактикалық материалдар.

Сөздік жұмыс: Интеллектуалдық ойын.

Билингвальды компонент: Сандар-цифры, ойын-игры.

Шаттық шеңбері.

— Қайырлы күн, қадірлі көрермендер, балалар. «Зерде» көңілді тапқырлар клубына қош келдіңіздер! Бүгінгі оқу қызметі сайыс түрінде өтеді. Балалар екі топқа бөлініп дайын отыр. Қазір олар өз топтарының атымен және ұранымен таныстырады.

«Жалын» тобы:

Жалындаймыз жайнаймыз,

Жарыстан біз қалмаймыз.

«Алау» тобы:

Алаулаймыз жанамыз,

Бірінші орынды аламыз.

— Енді сайыскерлеріміздің білімі мен өнеріне баға беретін әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар. (Әділқазылар таныстырылады).

— Балалар, ойын барысында сендерге әртүрлі қызықты сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады. Сайыста жеңу үшін сендер белсенділік танытып, берілген сұрақтарға тезірек ойланып жауап берулерің қажет.


1-тапсырма: «Ойлан, тап» ойыны.

Ойын шарты бойынша балалар берілген есепті көрсетілген сандар арқылы қоңызға жапсыруы керек. Оның аркасына сан жазылады, қанаттарына сол сан шығатындай етіп, сандар құрамын жапсыру қажет.




2-тапсырма: «Ақылды нүктелер».

Карточкадағы нүктелерді үлгі бойынша жалғастырып, көшіру керек.



3-тапсырма: «Түрлі-түсті моншақтар».


Үлгі бойынша жылдам, моншақтарды тізіп шығу қажет.



Сергіту сәті.

4-тапсырма: «Кім жылдам?».

Көрсетілген сан арқылы алма ағашын, санды ермексазбен сәндеу.



5-тапсырма: «Жылдам есепте».

Санды өрнектерде берілген есепті шығару.



6-тапсырма: «Көршісін тап». Көрші сандарды табу.
Жарыстың соңғы сәті таяп қалды,
Деменіздер, біз өнерді аяп қалды.

Әділқазы, сіздерге сөз береміз,
Жеңімпаздар кім болып анықталды?
Балаларды смайлик, медальдармен марапаттау.

«ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА»



НУГМАНОВА Бактыгуль
Таупихқызы,
№129-балабақшаның
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: Балаларды 4 көлемінде сандық есептеуге, сандарды тура және кері санай білуге, жоғары-төмен, оң жақ, сол жақ ұғымдарын ажырата білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін, тілін дамыту. Шығармашылыққа, тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Карточкалар, бүршік, бояу.

Билингвальды компонент: Бүршік-шишка.

— Балалар, «Балдәурен» тобының балалары сондай ақылды, тәртіпті ойшыл дегенді естіп, бізге қонақтар келіп отыр. Біз үшін бұл өте маңызды. Алдымен қонақтармен амандасып алайық. (Амандасады).

— Мен сендерге ертегі айтып берейін. Баяғыда тиін мен кірпі дос болыпты. Олар қысқы азықтарын жинау үшін еңбектенеді екен. Бір кезде тиін қарағайдың үстіне шығып кетеді, сол кезде кірпі: — Тиін-ау тиін, сен қайда өрмелеп кеттің? Мен қарағайдың бүршігін жинап алайын деп едім. — Кірпі мен де өз азығымды, саңырауқұлақты емен ағашының астынан жинап алайын — деп кірпі де саңырауқұлақ жинапты. Балалар, тиін өзінің азығын қайдан жинап алды? (Балалардың жауабы).

— Дұрыс, тиін азығын шыршаның жоғарғы жағынан, ал кірпі өзінің азығын емен ағашының төменгі жағынан жинап алды. Олар азықтарын жинап болып, санауға кірісті. Тиін 1, 2, 3. Кірпі 1, 2, 3, 4.

— Балалар, қайсысының азығы көп, қайсысынікі аз? (Балалардың жауабы).

— Керемет! Сендер өте зерек балалар екенсіңдер! Осылайша кірпі мен тиін қысқы азықтарын жинап алыпты.

Сергіту сәті.

Ойын: «Кім епті?».

Шарты: Балалар екіге бөлінеді. Әуен ойнағанда оң жақтағы балалар жемісті, сол жақтағы балалар көкөністі жіпке тізеді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңімпаз атанады.

Ойын: «Ақылды саусақтар».

— Балалар, ертегідегі кірпі мен тиін азығын жинағанда оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен ұғымдарымен таныстындар. Мен қыста тоңбас үшін саусақтарыма қалпақ кигіздім. Олардың түстері бірдей ме? (Әртүрлі).

— Алдарында не тұр? (Оң, сол қол саусақтарының суреттері бар карточкалар).

— Саусақтарға не кигізілген? (Түрлі-түсті қалпақтар кигізілген).

— Осы үлгіге қарап, саусақтың басына түрлі-түсті қалпақтарды қойып шығындар. (Балалар тапсырманы орындайды).

— Жарайсындар, сендер түстерді ажырата біледі екенсіңдер. Балалар, ертегіде тиін не жинады? (Бүршік жинады).

— Иә, осы бүршіктер тиіннің азығы ғана емес, оның дәнінен дәрі-дәрмек жасайды. Эфир майы және шайыры бронхит, өкпе ауруларына қарсы пайдаланылады екен. Адам денсаулығына өте пайдалы. Сонымен қатар қарағайдың бүршігін сәндік үшін теріп алып, қолөнер бұйымдарына қолданады. Ал біз қарағай бүршігін пайдаланып, сурет салып көрейік. Балалар, алдарында ақ қағаз, бояу және бүршік бар. Бүршікті бояуға малып, ақ қағаздың бетіне басқан кезде әдемі өрнектер шығады. Оны өз қиялдарыңмен өрнектеп, әрлендер. (Балалар қарағай бүршіктерінен бастыру әдісі арқылы дәстүрден тыс суреттер салады).

— Тамаша, керемет сурет шықты. Жарайсындар! Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстындар. Сендер өте ақылды, зерек, жылдам екенсіңдер. Мен сендерге ризамын.



«КЕҢІСТІКТІ БАҒДАРЛАУ»



ТОМПАКОВА Жадыра
Муратқызы,
№129-балабақшаның
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Математика негіздері.

Максаты: Балаларды геометриялық пішіндерді атап, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Үлгі бойынша құрастыру дағдыларын дамыту. Берілген тапсырмаларды мұқият орындауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Дидактикалық ойындар, геометриялық пішіндер, доп, шар, дамытушы лото ойындары.

Сөздік жұмыс: Дөңгелек-круг, шаршы-квадрат, сопақша - овал, үшбұрыш - треугольник.

Шаттық шеңбері. Музыка әуенімен желдің дыбысы шығады. Балалар бір-біріне жақындап, қол ұстасып тұрады.

— Балалар, суық жел соғып тұр, бәріміз ұшып кетпейік. Біз қайда келгенбіз, қарандаршы? (Математика ғаламшарына).

— Мұнда ай, күн төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш, сандар бар екен.

Ғажайып сәт. Математика патшасы келеді.

Математика патшасы: Мен ғаламшардың патшасымын, сендер қайдан келдіңдер? (Біз балабақшадан келдік).

Математика патшасы: Менің ғаламшарыма қош келдіңдер! Келгендерің жақсы болды. Маған көмектесіп жіберіңдерші, мұнда шарлар ұшып келген екен. Оларды жинау керек.

— Математика патшасы, біздің балалар сізге өз білімдерін көрсеткісі келеді. Сіз балалардың жанына отырып, олардың өнерін тамашалаңыз.

Ойын: «Оң жақ және сол жақ».

— Балалар екі топқа бөлініп, қызыл шарды оң жаққа, көк шарды сол жаққа жинап шығады. Қай топ бірінші болып жинаса, сол топ жеңімпаз болады.

— Балалар, көрдіңдер ме, оң және сол жақтың қайда екенін білдік. Жоғарыға қарайықшы, не көріп тұрсыңдар? (Күнді көріп тұрмыз).

— Күн, жұлдыз қандай пішінді? (Балалардың жауабы).

— Жоғары тұрған пішіндер дене деп аталады. Жерде қандай пішіндер орналасқан? (Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек).

— Топтың ішінде нені байқадыңдар? (Математикалық ғаламшарларды).


Ойын жаттығу: Дене бөлшектерін атау.

Сергіту сәті.


1-тапсырма: Луллия сақиналары. Суреттегі заттардың санына қарай 1-ден 5-ке дейінгі цифрларды сәйкестендіру.



2-тапсырма: Үлгі бойынша түстерін сәйкестендіріп, бейне құрастыру.



3-тапсырма. Ұсақ геометриялық пішіндерден мозаика құрастыру. Геометриялық пішіндердің суреттерінен үлгі бойынша суретті құрастыру.



Балалар тапсырмаларды орындаған соң, математика патшасымен қоштасып, топтарына оралады.



БЕСПАЕВА Гулжахан Токташбайқызы,
Алматы қаласындағы
№129-балабақшаның меңгерушісі



АХМЕТОВА Улжалгас Салкынбекқызы,
№129-балабақшаның әдіскері







Алматы
қаласындағы
№129-балабақша-
ның тыныс-
тіршілігінен
көріністер







«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА 4К МОДЕЛІН ОҚЫТУ – ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ»



ИШАНГАЛИЕВА Н.К.,
Орал қаласындағы № 38
«Жазира» бөбекжайы МКҚК
әдіскері, педагог-зерттеуші

Кез келген білімнің бастауы — балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи педагогикалық технологияларды, тың әдістерді кеңінен қолдану аса маңызды. Қазіргі таңдағы біздің алдымыздағы зор міндет жас буынды жан-жақты тәрбиелеп, тиісті деңгейде сапалы білім беріп, олардың бойындағы жақсы қасиеттерді, қажетті дағдыларды қалыптастыру. Тәрбие мен білім үнемі қатар жүреді. Балабақшада 4К моделін қолданудың ерекшелігі, баланың бойындағы шығармашылығын дамытып, қарым-қатынасы мен ынтымақтастығын арттырып, топпен жұмыс жасай білу дағдыларын жетілдіруде. Осы орайда, мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері күнделікті жоғарыда аталған дағдыларды бала бойына қалыптастыру үшін қарқынды жұмыс жасауы қажет. Бұл тұрғыда әдістемелік көмекті тәрбиешілер «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастырылуымен өткізілетін курстар, семинарлар, шебер сыныптарына қатысып, білімін жетілдіріп, әрі әдістемелік кеңес алып отырады.

Сын тұрғысынан ойлау: Тек қана оқу үшін ғана емес, өмірде қажетті ойлау дағдыларын қалыптастыру. Мәселені көре білуге, стандартты емес шешімдерді табуға үйрету. Сұрақтар қойып, түрлі дәлелдер айту. Өз іс-әрекеттеріне талдау жасау. Істеген жұмыстарына баға беру және бағалау.

Креативті түр — бұл дарындылық. Оның басты ерекшелігі ойлауда, әдетте олар басқалардан өзгеше ойлайды. Мысалы, олар біреудің дайын жасап қойған мәліметтерін оқығысы келмейді, одан гөрі олар өздерінің ойларын оқып, зерттегісі келеді.

Коммуникативтік дағдылар: Сөздік, логикалық ойлауды дамытуға арналған ойындар, жаттығулар; келіссөздер жүргізіп, байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілетін өмірлік дағдыға айналдыру.

Командалық жұмыс: Ынтымақтастық, кәсіби салаға қарасты құзыреттілікпен тығыз байланысты. Жалпы мақсатты және оған жету жолындағы рольдерді айқындай отырып, оның нәтижесін бағалай алу қабілеті. Бұл жұмыс 3 кезеңнен тұрады: Мақсат қою

оған қол жеткізу. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Жалпы жауапкершілікті дамыту.

Блум таксономиясы.

Деңгейі. Баланың әрекеті. Білу — қабылдайды, есте сақтайды. Түсіндіру — түсіндіреді, түрлендіреді, көрсетеді. Қолдану — мәселелерді шешеді, білімдерін көрсетеді. Талдау — бөледі, талқылайды, ашады. Жинақтау — қорытындылайды, тұжырымдайды, жоспарлайды. Бағалау — бағалау, таңдау.

Тиімді оқу тәсілдері: Белбеу әдісі. Сабақтың тақырыбын ашу. «Блум таксономиясы» тәсілі. Блум түймедағы (әр топтан бір-бір адамнан шығады, мысалы: 6-бала шығып, бір-бір сөйлемнен айтады. Сонда жалпы бір әңгіме құрастырылады. Жеміс ағашы. Өзі-өзін бағалау, қандай деңгейді екенін бала біледі. Пицца әдісі. Сабаққа байланысты күрделі тапсырма беру. Бес саусақ әдісі. Сабақтың соңында әр саусақта сұрақтар болады, не қызықты болды, неге қол жеткіздің, не қиын болды, не ұнады, не ұнамады? Сәйкестендіру — Луллия шеңберін қолдану, берілген тапсырмаға байланысты. 3 Қ-стратегиясы — құнды, қызықты, қиын деп қорытынды жасауға болады. 4К моделінің стратегияларын қолдану барысында алған нәтижеміз: Білім алушылардың оқуға қызығуы. Іскерлік дағдысының дамуы. Ойлау белсенділігі, тапқырлығы. Өзіне деген сенімі қалыптасады. Балалар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі. Өзгелерді тыңдап кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарайды. Өз ойын топ алдында ашық айтып, қорғай біледі. Өз бетінше ізденуге үйретеді. Сабаққа деген белсенділігі жоғарылайды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі заман талабына сай сауатты, білімді ұрпақ тәрбиелеуге болады.

Тұжырымдай келе, бала біздің ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қырсырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Педагогтардың жаңа технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Әр педагог өз оқу қызметін жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді.



«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНУ»



ТУЙГОЖИНА С.Е.,
№38 «Жазира» бөбекжайы
МКҚК тәрбиешісі,
педагог-зерттеуші

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп оқушыларын тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі заман талабы, баршамызға жүктелген маңызды міндет деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындаудағы ең бір пәрменді құрал — оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарында халықтық педагогиканың алтын мұрасын пайдалану. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты — бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын креативті, құзыретті тұлға қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы ой-пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды бөбекжай педагогтарының іс-тәжірибесіне енгізудің маңызы зор.

Біздің бөбекжайымызда «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшелігіне сәйкес Ыбырай Алтынсаринның әңгіме, өлең, ертегілерін кеңінен қолданып, оқытуда жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Балаларға Ыбырай шығармаларын үйретудегі негізгі мақсат болашақ жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңіру, білім мен тәрбие берудегі озық технологияны жаңаша бағытта ұйымдастыра отырып, олардың шығармаға деген қызығушылықтарын арттыру, бірлікке, ұйымшылдыққа, достыққа баулу. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ұлттық — эстетикалық тәрбие оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Оның шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнге ие. Ы.Алтынсарин жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа емес, тәрбиені баланың зердесіне сіңіру үшін ұстаздық амал тәсілдерді қолданды.

«Кел, балалар оқылық» өлеңінде баланы білім алуға үндейді. Сондай-ақ, өмірдің бар қызығы тек

байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым, білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық — білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей — жалықпай еңбектену керектігін түсіндіреді. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп, санаған халқымыз ұл, қыздарының он қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген.

Ы.Алтынсарин өз туындыларында жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер-білімге баулуды көздейді. Ол ел жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Надандықтың зиянын, білімнің маңызын түсіндіреді. Бұл әсіресе «Талаптың пайдасы» т. б. әңгімелерінен көрінеді.

Шығармаларында оның өнерге деген ықыласы анық байқалады. Өзінің өлеңдері мен әңгімелері арқылы жастарды табиғаттың әсемдігін, адам сезімін қабылдап, түсіне білуге тәрбиелейді. Оның өлеңдері мен ғұбриат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда ерекше маңызға ие. Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену, талпыну, адамды сыйлау үгіттеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор — қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Ұлы ағартушы баланы қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз. Мәселен, «Асан мен Үсен» әңгімесінде Алтынсарин бүкіл ағартушылық еңбегінің негізгі сырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Ал Асан бейнесінде мұндай қасиет байқалмайды. «Ол жастайынан сұрағанын әперетін, дегенін істейтін кісі болғандықтан жатып ішер болуға әрекеттенеді» ... «Ол еш нәрсе істеуге әдеттенген жоқ, демек, өзінің не істей алатынын, несі жоқ екенін жақсылап айыра алмайды». Жасыратыны жоқ, мұндай балалар қазірде бар. Олар әке-шешелерінен көмек күтіп, таңнан кешке дейін отырудан тайынбайды. Керісінше



бос уақыттарында пайдалы іспен айналысып, ата-аналарынан көмектерін аямайтын балаларды да жиі кездестіруге болады. Осы әңгіме арқылы балаларға жақсы мен жаман, кедей мен бай, сараңдық пен жомарттық туралы сөздермен біраз мағлұматтар беруге болады.

Келешекте Ыбырай мұрасын еліміздің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық тәжірибесі ре-

тінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып қолданудың жолдарын қарастырғанымыз абзал. Бөбекжайда осы бағытта балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын, қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамытып, жас буынды адамгершілікке ұлтжандылыққа баулу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осындай жұмыстар әлі де жалғасын табары сөзсіз.

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ТАҚПАҚ ҮЙРЕТІП, ЖАТТАТУДЫҢ МАҢЫЗЫ»



АМАНОВА Л.О.,
№38 «Жазира» бөбекжайы
МКҚК педагог-модераторы

Балабақшада бала тілін дамытудың негізгі мақсаты: ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету болып табылады. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді жас ерекшелігіне қарай әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың негізгі міндеті. Әдеби мұраларды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды. Сонымен қатар, сәбидің ақыл-ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Бір жастан асқан бала суретті кітаптарды қараудан жалықпайды, тақпақ тыңдағанды жаны сүйеді. Балаға тақпақ үйреткен кезде оны мәжбүрлемей, оның көңіл қошы бар кезде жаттатқан жөн. Бастапқыда 2-4 қатардан тұратын өлеңдерді оқып берген дұрыс. Баланың есте сақтау қабілеті 4-5 жастан соң дами бастайды. Осы жаста баланың есте сақтау қабілетін жетілдіру үшін үнемі жеңіл өлеңдер жаттатқан дұрыс. Ең алдымен балаға жеміс-жидектер туралы тақпақ жаттату қажет. Себебі бала жеміс-жидекке, тәттіге үйір келеді. Жеміс жидектің қасиетін білген бала оны ешкім айтпай-ақ, өздігінен жей бастайды. Сәбидің танымына сәйкес жазылған тақпақ оның білімге деген қызығушылығын оятады. Орыс ғалымы Е.Кудрявцева «Тақпақтың мазмұны баланы бірден баурап алуы тиіс. Сондықтан оған өзі білетін

ан, құстар, өсімдіктер, бұлт пен жаңбыр жайлы қысқа шумақтарды үйреткен абзал» — дейді.

Күн

Шуақ шашып аспаннан,
Шықса әлемге сән боп күн.
Тіршілігі басталған.
Жан-жануар жәндіктің.

Ай

Күн батса туып алтын ай,
Жайғасқан көктің төріне.
Сәулесін шашып жарқырай,
Сән берер жердің өніне.

Тақпақтың әр жолындағы буындар саны 7-8-ден аспауы керек. Өйткені, қара өлең үлгісіндегі өлеңдер қабылдауға, жаттауға қиын. Әрі баланы тез шаршатады. Біз тақпақтарды таңдағанда, осы қағиданы басшылыққа аламыз. Тақпақтарды жатқа айту баланың есте сақтау қабілетін дамытады. Психологтар «Егер бала аяқ астынан еркелеп бүлінсе, оның құлағына өзі жаттаған сүйікті тақпақтарын сыбырлап айтып беріңіз» — деп кеңес береді. Мұндайда ол тез жұбанып, тақпақтың келесі шумағын өзі айта бастайды екен. Балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуіне балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор. Қазіргі заман талабына сай оқу тәрбие



үрдісін ұйымдастыруда әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, оларды әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу тәрбиешінің мақсаты. Сол мақсатқа жету

үшін талмай, қажымай еңбек етуіміз керек. Өйткені, еліміздің болашағы жастардың қолында. Ал оларды біз тәрбиелейміз.

«СЕНСОРЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ЖӘНЕ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУЫ»



ХИТАРОВА Нұрсұлу
Зариполлақызы,
№38 «Жазира» бөбекжайы
МКҚК тәрбиешісі

Балалардың ұсақ моторикасын дамыту қазіргі заманда ең өзекті мәселе болып табылады. Балалардың психикасын зерттеген кезде ғалымдар оларға қол функцияларының үлкен ықпал тигізетінін айтады. Баланың қалай дамып келе жатқанын көрсететін, оның интеллектуалдық қабілетін айғақтайтын дәл осы ұсақ қол моторикасы екендігі белгілі. Өкінішке орай қазіргі заманғы балалардың жалпы моторикасы және тіл дамуының жетілуі төмен деңгейде. Ол көбінесе кіші жас балаларда байқалады. Қол моторикасы жетілмеген балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуде, іс-әрекеттерді орындауда (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) епсіз болады. Басқа балаларға ілесе алмайды. Өзіне деген сенімі, өзін бағалауы, эмоционалдық көңіл-күйі төмендейді. Сондықтан, баланың ерте жастан икемділігін, қолдың бұлшық еттері мен саусақтарының ұсақ моторикасын, тілдік функциясының дамуына көмектесу, жаттықтыру аса маңызды. Құрбыларымен және үлкендермен қарым-қатынаста эмоционалдық жайлы жағдай жасау керек. Біздің бөбекжайымызда ата-аналармен қарым-қатынаста, оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың ұсақ қол моторикасының дамуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен ойын жаттығуларын жүргізу - тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып саналады. Балалармен ойын жаттығуларын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балалардың сөздік қорын дамыту,

жаңа іс-қимылды меңгерту, үйренген сөздерін, іс-қимылдарын тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру тәрбиешінің басты міндеті. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі ойын жаттығулар жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын-баланың шын тіршілігі. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі. Өйткені, бала табиғатының өзі ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпыныс пен құлшыныс. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.





«ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА»



КУАНАЕВА Эльмира
Ахонқызы,
№38 «Жазира» бөбекжайы
МКҚК тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Таным».

Бөлімі: «Математика негіздері».

Мақсаты: Балалардың сан және санау, геометриялық пішіндер, кеңістікті, уақытты бағдарлау бөлімі бойынша өткен білімдерін бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Ойындар арқылы математикаға деген қызығушылықтарын арттыру. Шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекілігі: Сандар, әртүрлі фигуралар, мультимедиялық тақта, суреттер.

Билингвальды компонент: Пішін-фигура, сан-цифра, санау-считать, өрнек-задача, апта-неделя, түстер-цвета, жоғарыда-наверху, төменде-внизу, оң жақта-справа, сол жақта-слева.

Шаттық шеңбері.

— Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

— Қыс мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар).

— Қазір қыс мезгілінің қай айы (Қаңтар айы).

— Жарайсындар, балалар! Ал енді экранға назар аударайық.

(«Мақта қыз бен мысық» ертегісінен үзінді көрсету).

— Бұл қандай ертегі? «Мақта қыз бен мысық».

— Дұрыс, Мақта қыз мысығының құйрығын неліктен жұлып алды? (Қатығын төккені үшін).

(Сырттан мысықтың мяулаған дыбысы шығады. Ол ішке кіреді).

Мысық: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мақта қыз маған қатығын төккенім үшін, түрлі тапсырмалар берді. Соны орындасаң ғана құйрығыңды қайтарамын деді. Балалар, маған көмектесесіңдер ме? (Иә).

— Мысық, тапсырмаларды маған бер де, балалардың қасына отыра ғой. Мақта қыздың тапсырмаларын көрейік.

1-ші тапсырма: Балалар, мынау қандай пішін? (Үшбұрыш).

— Дұрыс, оның түсі қандай? (Сары).

2-тапсырма: 1-ден 10-ға дейінгі сандарды тақтаға орналастыр, тура және кері сана. (Балалар тапсырманы орындайды).

3-тапсырма: Бұл қандай пішін, түсі қандай? (Тіктөртбұрыш, түсі қызыл).

4-тапсырма: «Өрнек құрастыру».

— Қане, экранға назар аударамыз. Асықтардың түстері қандай? (Көк, қызыл).

— Көк асықтар мен қызыл асықтарды қосып өрнек құрастырамыз.

Өрнекті оқимыз: Үш пен екінің қосындысы беске тең. Жеті мен үштің азайтындысы төртке тең.

5-тапсырма: Мына пішін қалай аталады, түсі қандай? (Шаршы, түсі көк).

Сергіту сәті.

6-тапсырма: Мына пішін қалай аталады? (Сопакша, түсі жасыл).

Кеңістікті қағаз бетінде бағдарлау. Жоғары, төмен, оң жақта, сола жақта сызықшаларын ажырату, суреттерді орналастыру. Бүркітті жоғарыға, балықты төменге, гүлді оң жаққа, жылқыны сол жаққа орналастыру.

7-тапсырма: Мынау қандай пішін? (Дөңгелек, түсі қоңыр).

Ойын: «Қанша болса, сонша».

Шарты: Сылдырмақ соғу. Сылдырмақты қанша рет сокса, сонша нүкте бейнеленген суретті тақтаға ілу.

8-тапсырма: Қандай пішін? (Цилиндр, түсі күлгін).





Санамақ арқылы апта күндерін атап шығу.
— Балалар, Мақта қыздың барлық тапсырмаларын орындадық.

Мысық: Балалар, рахмет сендерге. Енді Мақта қыз құйрығымды қайтаратын болды. Мен қайтайын сау болындар! (Сау бол мысық, жолда абай бол!).

«ШАЛҚАН» ЕРТЕГІСІ



КЕНЖЕГАРИНА Зулфия
Хайрошқызы,
№38 «Жазира» бөбекжайы
МКҚК модераторы

Білім беру саласы: «Қатынас».

Бөлімі: «Көркем әдебиет».

Мақсаты: Балаларға ертегілер туралы мағлұмат бере отырып, диалогты сөйлеу мәдениетін, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру. Әртүрлі тапсырмалар орындату. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі, сиқырлы қорапша, карточкалар, макеттер, табиғи гүлдер.

Шаттық шеңбері.

— Балалар, бүгінгі оқу қызметінде біз ертегілер әлеміне саяхатқа аттанамыз. Алдымен мына қорапты көрейікші. Сыртында жазу бар екен. Қане, мен сендерге оқып берейін. «Саяхатқа келуші балаларға бағбаншыдан тапсырма» — деп жазылған екен. Бұл қорапты кім қалдырып кетті. Мұнда ешкім көрінбейді. Ішінде не бар екен, ашып көрейік. Ол ашылмай тұр. Қане, күз туралы тақпақ айтайық, мүмкін ашылып қалар. (Балалардың тақпағынан кейін қорап ашылады. Оның ішінде тапсырмалар болады).

1-тапсырма: Суреттегі ертегілерді ата. Онда қандай кейіпкерлер бар? (Балалар ертегілерді кейіпкерімен атайды).

2-тапсырма: Жұмбақтарды шешу.

Жасыл ала дөңгелек,
Бақшада жатыр дөңгелеп. (Қарбыз)
Қыста киімін тастайды,
Көктемде киіне бастайды. (Ағаш)
Өсірер тың дала,
Көшірер қамбаға.
Айналар ұнға да,
Айналар нанға да. (Бидай)
Бұйра тұлымы желмен ойнайды,
Қызыл мұрыны жерге бойлайды. (Сәбіз)

Сергіту сәті:

Сәбізді тазалаймыз,
Үккіштен өткізіп, майдалаймыз.

Қант сеуіп дәмдейміз,
Қаймақ құйып сәндейміз.
Міне дайын нәр тағам,
Дәруменге бай тағам.

3-тапсырма: Қоянның жүрісін салу.

— Сәлеметсіз бе, бағбаншы ата.

Ата: Амансындар ма, балаларым. Қош келдіңдер!

— Бағбаншы ата, сіздің бақшаныз үлкен екен. Сізге көмек керек пе? Біздің балалар сізге қол ұшын беруге дайын.

Иса: Ата, сіздің шалқаныңыз ертегідегідей үлкен болып өсіпті.

Ата: Иә, маған көмектессендер, әрине қуанамын.

— Балалар, сендерге «Шалқан» ертегісі бұрыннан таныс. Оны бәріміз білеміз. Ата, шалқанды жұлуға балалар көмектеседі, әрі ертегіні де сахналап береді. Сіз олардың өнерін тамашалап, дем алыңыз.

Иса: Шалқаным, жаз бойы өсіп шықтың. Енді жемісінді жейтін кез келді. (Шалқанды тартады).

Иса: Әй кемпірім, көмекке кел маған.

Айым: Қызым, қызым мұнда кел. Бізге шалқанды жұлуға көмектес.

Інжу: Күшігім, күшігім мұнда кел. Бізге шалқанды жұлуға көмектес.

Арсен: Аф-аф. Мысық, мұнда кел. Бізге көмегің керек.

Мансур: Мәу-мәу. Әй тышқан, көмекке кел. (Шалқанды жұлып алады).

Ата: Балалар, сендердің өнерлеріңе тәнті болдым. Еңбектеріңе де ризамын. Бақшамыздың дәруменінен алындар. Ал мына дәнді өздеріңе тарту етемін. Осыны көктемде отырғызып, жемісін көріңдер.

— Рахмет атай! Сау болыңыз!



«МЕНИҢ МЕЙІРІМДІ ОТБАСЫМ»



КАПУОВА Гулшат
Орынғалиқызы,
«Еркемай» бөбекжайының
жоғары санатты тәрбиешісі

Білім беру саласы: Коммуникация.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту.

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелерін, туыскандарын атай білуге, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс анық айтуға жаттықтыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілік ережелеріне баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Балалардың отбасымен түскен фотосуреттері, үлестірмелі материалдар, тақырыпқа сай слайдтар.

Қажетті құрал-жабдықтар: Интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдер: Мнемотехника, интервью (сұхбат), ойын әдістері.

Алдын ала жұмыс: Отбасы туралы тақпақтар мен мақалдар жаттау.

Шаттық шеңбері.

Тәрбиеші балалардан жыл мезгілдерінің ерекшеліктері, көктем айында болатын табиғат құбылыстары жайында сұрақтар қойып, балалардың дұрыс жауап беруін қадағалайды.

— Жарайсындар! Бүгінгі оқу қызметіміз «Менің мейірімді отбасым» тақырыбында өтеді. Қане, бәріміз экранға назар аударайық. (Слайдпен жұмыс).

— Бұл суретте кімдерді көріп тұрсындар? (Отбасы мүшелерін).

— Иә, суретте бір-біріне ыстық ықыласпен, аяулы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз. Отбасы дегеніміз — бір үйде тұратын, бізге ең жақын адамдар. Олар, ата, әже, әке, ана, аға, апа, қарындас, іні, сіңілілер. Барлығы бір отбасында тұрады. Отбасы — әр адамның шағын отаны. Олар өз отбасында өсіп-өніп, тәрбие алады. Біз кішкентайымыздан өзгелерге камқор болуды, ата-ананы, үлкендерді сыйлауды, кішілерге құрмет көрсетуді, оларды жақсы көруді отбасынан үйренеміз. Бізге ең жақын, ең қымбат жандар отбасында, яғни біздің жанымызда болады. Олар бізге тек жақсылық тілеп отырады. Отбасы мүшелері қуанса, сендер де қуанасындар. Ата-аналарың, жақын адамдарың, бауырларың сендердің нағыз адам болып өскендеріңді

қалайды. Сондықтан да сендер ата-аналарыңның үмітін ақтап, адамгершілігі мол, саналы, ақылды азамат пен азаматшалар болып өсулерің керек. Сендер отбасы туралы тақпақтар білесіңдер ме?

Дәулет:

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десен,
Айтып берер тағы әжем.

Медина:

Айтары мол ғұлама,
Көп жасасын бұл адам.
Әкесі ол әкенің,
Білер оны сұраған.

Нұрисаби:

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып ояңған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.

Зарина:

Атам айтса «ұлым» деп,
Әжем айтар «күнім» деп.
Екеуінен қаймығып,
Айтады әкем «інім» деп.

«Менің отбасым». Фотосуретпен әңгіме. (Сұрақ-жауап арқылы екі бала арасында сұхбат жүргізіледі. Олар отбасылары туралы әңгімелейді).

Отбасы туралы мақал-мәтелдер. (Отбасы туралы мақал-мәтелдер айтады).

Сергіту сәті.

Мнемотехника әдісі бойынша суретпен жұмыс.

Экраннан суреттер көрсетіледі. Балалар берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрайды.

Дидактикалық ойын: «Күн сәулесін құрастыр».

— Балалар, сендердің алдарыңдағы қандай пішіндер? (Балалардың жауабы).

— Осы пішіндерден күн сәулесін құрастырып жапсырайық. Оны өздеріңнің отбасыларыңа сыйлайсындар. Осындай жарқыраған күн сәулесі отбасымызда ешқашан сөнбесін деп, біз «Әрқашан күн сөнбесін» әнін орындайық.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін».



«БАР МЕЙІРІМ БАЛАЛАРҒА»

(Ата-аналарға арналған тренинг)



ТӨРЕБАЕВА Гүлзада
Тұрлыбайқызы,
«Еркемай» бөбекжайының
психологы, педагог-модератор

Мақсаты: Жас отбасылардың өзара сыйластық туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екенін ұғындыру.

Тыныштық сәті: Отбасы-асыл қазына.

— Денелеріңізді түзу ұстап, бастарыңызды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңыздар. Көздеріңізді жұмсаңыздар да болады. Терең тыныс алып, демімізді жайлап, сыртқа шығарамыз. Жарық түсіп тұрғанын елестетеміз. Бұл бақыт, қуаныш жарығы. Бұл жарық жүрегімізге тыныштық, сүйіспеншілік әкеледі. Қандай әдемі! Түрлі-түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздердің аталарыңыз, ежелеріңіз, қайныларыңыз, қайын әпкелеріңіз, қайын сіңілілеріңіз, жолдасыңыз, баланыз. Бұл гүлдің ортасындағы дөңгелек сізсіз. Бұл жай гүл емес. Ол сүйіспеншілік гүлі деп аталады. Сіздер жап-жасыл алқапта жолдасыңызбен, жолдасыңыздың туыстарымен, балаларыңызбен жүрміз деп елестетіңіздер. Сіздер бақытты өмір сүрудесіздер. Сіздер болашақта үлгілі отбасы боласыздар.

Әңгімелесу: Сіз үшін отбасы құндылығы не деп ойлайсыз? Сіз үлгілі отбасын құру дегенді қалай түсінесіз? Отбасын құрғанда кездескен қиыншылықтарды қалай жеңіп келесіз? Сіз өзіңізді қандай келінмін деп есептейсіз? «Қара шаңырақ» дегенді, жолдасыңызбен бақытты өмір сүру дегенді қалай түсінесіз?

Жаттығу: Шығармашылық жұмыс. «Отбасылық құндылық ағашы».

Нұсқау: Үлкен ағаштың суретін салу керек. Бұл сіздің отбасылық құндылық ағашыңыз. Бірнеше берілген отбасылық құндылықтарды ағаштың тамырына, діңіне, бұтақтарына орналастыру. Тамыры сіздің ең негізгі отбасылық құндылық болып есептеледі. Ағаштың діңіне орташа құндылықтарды, ал, бұтақтарына отбасыңызға маңызды құндылықтарды орналастырыңыз. Үлкен ағашқа осы аталған отбасылық құндылықтарының қанша пайызда екенін көрсетіп жазу керек.

1. Мықты денсаулық.
2. Ағайындарына, достарына ашық есік.
3. Ауызбіршілік.
4. Ортақ қызығушылық.

5. Қамқорлық.

6. Тәртіп.

7. Бос уақытыңызды бірге өткізу.

8. Сенімділік.

9. Тату-тәтті отбасы болу.

10. Ата-ананың сөзі заң.

11. Ата-ана отбасының үлгісі.

12. Әлеуметтік жағдай.

13. Отбасылық қарым-қатынас.

14. Махаббат.

15. Мейірімділік.

16. Сырт көзге үлгі болу.

18. Береке.

Психолог жұмысы: Ата-аналардың салған суреттеріне, пайыздарына қарап, жігерлендіру сөздерін айтып, сұрақтар қою арқылы себебін білу.

«Ащы пияз». Қазіргі заман аңызы.

Өз балаларыма көңіл бөлуге әрдайым менде уақыт болмайтын. Жұмыс, қызмет бабында өрлеу, жеке бас өмірім. Бірақ, менің балаларым ештеңеден тарықпай өмір сүріп жатты. Олардың тәттілік — компьютерлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қаражатым жетіп отырды. Балаларымның кемшіліктеріне көз жұма қарадым. Олар менің тарапымнан көңіл бөле алмайтынды кешіріп жатты. Бірақ мейірімді, жібектей балалық шақтың уақыты тез өтіп кетті. Күрделі жасөспірімдік кезең басталды. Алғашқы өзара кінә қою, алғашқы шынайы сезімдер. Менің балаларым сүйіспеншіліксіз өскен. Мен олардың есеюіне көңіл бөлмеймін. Олардың нашар қылықтары мен әрекеттеріне тосқауыл қоймаппын. Жамандықты жақсылықтан ажырата білуді үйретпеймін. Кезекті келенсіз жағдайдан соң ас үйде пиязды аршып тұрып, көзімнен жас кетті. Анам кіріп келіп: - Неге жылап тұрсың? — деді.

- Білесің бе, ащы пияз қолыма түсіпті. Көзді жасаурататын сұрыптары болады ғой, содан болар — дедім. - Демек, оны аз суарған шығарсың деді анам. Мен бір маңызды нәрсені түсіндім. Егер балалар балалық шағында мейірімге шөлдеп өссе, өздерінің ересек өмірінде басқаларды көп жылатады.

Тест-релаксация. «Жұмыртқаны жарып шыққанда...».



Мақсаты: Ата-аналардың берілген суреттердегі жұмыртқаларды таңдауы арқылы өз баласынан күтетін үміт, мақсат-мүдделерін анықтау, қажетті кестер беру.

– Сіздер алдарыңызда жыланның, тасбақаның, динозаврдың және тауықтың жұмыртқаларын көріп отырсыздар. Қайсысын таңдар едіңіздер?

Тест жауабы. Біздің ұлан-байтақ Қазақстан жерінің кейбір өлкесінде жұмыртқаны тұқым деп те айтады. Яғни, жұмыртқаны болашақ ұрпақтың символы ретінде қарастыруға болады. Сіз таңдаған жұмыртқа түрі сіздің өз балаңызға деген үміт-тілегіңіз, мақсат-мүдденіздің көрінісі...

Жылан жұмыртқасы. Жылан даналық пен жасырын байлықтың символы. Сіз де өз балаларыңыздың осындай құндылықтарға ие болуын қалайтыныңызды көрсетеді. Тепе-теңдікті сақтай біліңіз және балаларыңыз сізден қарапайым ғана сүйіспеншілікті қалайтынын есте сақтаңыз.

Тасбақа жұмыртқасы. Тасбақа баршамызға белгілі денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің символы. Сіздің ең негізгі тілегіңіз – балаларыңыздың дені сау әрі мықты болып өсуі.

Динозавр жұмыртқасы. Сізге ең бастысы - балаларыңыздың ерекше тұлға болып қалыптасуы маңызды. Сіз өз балаларыңыздың мектеп-жұмыс-қоғамның штампынан өзгеше болғанын қалайсыз. Тіпті олар қателессе де, қателіктерінің өзі ерекше болады деп күтесіз. Бұл өте жақсы мақсат, алайда балаларыңыздың тәуелсіздікке бастаған алғашқы қадамы ата-аналарына қарсы шығу болатынын есте сақтаңыз!

Тауық жұмыртқасы. Сіздің өз балаларыңызға қатысты ерекше фантазия мен амбицияларға толы мақсаттарыңыз жоқ. Егер олар бақытты болса, содан артық не керек? Болашаққа деген сенімділік пен күн-

делікті өмірдің кішкентай қуаныштарынан артық көп ештеңе керек емес. Тек бір ғана кеңес береміз – асқақ армандаудың артығы жоқ. Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай, «Ұлы болып қалу үшін ғаламда, Ұлы арман керек екен адамға!».

Жас отбасыларға тосын сый тарату. «Бақыт» салатының рецепі.

Құрамы: Махаббат (мүмкіндігінше көбірек).

Тосын сый (тек жақсылары мен жаңалары).

Күлкі (тек жолдастық, достық түрі ғана).

Бақыт (шексіз).

Мейірімділік (тіршіліктің барлығына).

Жауапкершілік (әр іске жеткілікті мөлшерде).

Күтім (шексіз).

Дайындалу әдісі: Бар тіршілікке жетерлік мейірімділікке бір уыс махаббат қосыңыз. Осы екі қоспаны мұқият араластырып, бір қасық күлкі, екі қасық күтім мен жауапкершілік салыңыз. Салаттың бетін әдемі тосын сыймен безендіріңіз.

Қорытындылау. «Тілек шамы».

Мақсаты: Тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

– Міне, қоштасатын сәт те жетті, жас отбасылар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болу үшін «Тілек шамы» жаттығуын орындап, бір-бірімізге тілек айтайық. (Тренингке қатысушылар тілектерін білдіреді).

*Маңғыстау облысы
Қарақия ауданы
Мұнайшы ауылы*





«МЕНИҢ ОТБАСЫМ»



**АБУТАЛИЕВА Асель
Исатайқызы,**
Атырау қаласындағы
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сауат ашу.

Мақсаты: Балалардың «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын, олардың не істей алатынын айта білуге үйрету.

Сурет бойынша сөйлемдер құрап айтуға машықтандыру. Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білуге дағдыландыру. Өзара сыйластыққа, кішіпейілділікке, отбасы мүшелерін құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Балалардың отбасымен түскен фотосуреттері, үлестірмелі материалдар, магнитті әріптер. Интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдер: Мнемотехника, сұхбат, флипчарт-ойын түрлері.

Шаттық шеңбері.

— Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңдер!

Маған да, саған да, жакын, туыс адамдар.

Бәрі де өз жұртын, үйдегі туғандар. (Отбасы).

— Дұрыс айтасындар. Бізге ең жакын, ең қымбат жандар ата, әже, әке, ана, аға, әпке, сіңлі, қарындас отбасында тұрады. Олар бір-бірін жаксы көреді, сыйлайды және қамқорлық жасап жүреді. Балалар, біздің бүгінгі қонағымыз «Балапан» телеарнасының кейіпкері Білімпаз ата. Ол бізбен тікелей байланысқа шығады. Қане, экранға назар аударайық!

Білімпаз ата: Сәлеметсіңдер ме, балапандар! Менің атым — Білімпаз ата! Мен сендердің отбасыларын жайында білгім келеді. Және отбасы тақырыбында білімдерінді тексеріп көрмекпін. Ол үшін сендерге әртүрлі тапсырмалар дайындап әкелдім. Тапсырмаларды мүдірмей орындасаңдар, «Білімді балапан» атанасындар. Олай болса, іске сәт, балақайлар!

Ойын: «Кімді көріп тұрсың?».

Балаларға экраннан отбасы мүшелері прожектор арқылы бір-бірден көрсетіледі. Олар кімді көріп тұрғандарын айтады. Мысалы: Балалар, көздерінді жұмыңдар... енді көздерінді ашыңдар, кімді көріп тұрсың?

— Мен атаны көріп тұрмын... (Ойын осылай жалғасады).

— Балалар, енді сендерді «Баламен бетпе-бет» студиясына шақырамын. Бұл студияда өз отбасыларын туралы қысқаша әңгімелеп бересіңдер. Сендер үйде ата-аналарыңа көмектесесіңдер ме? Қалай көмектесесіңдер? Не істейсіңдер? (Балалар сұрақтарға жауап береді).

— Келесі тапсырма «Кім не істейді?» деп аталады. (Мнемотехника әдісі бойынша суретпен жұмыс. Балаларға үлестірмелі суреттер таратылады. Балалар берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрайды: Анам тамақ пісіреді. Әкем кітап оқиды. Атам теледидар көреді. Ағам сурет салады. Інім текшемен ойнайды. Әпкем сабақ оқиды).

— Балалар, кім отбасы туралы мақал-мәтел біледі?

Отбасы туралы мақал-мәтелдер:

Отан — отбасынан басталады.

Отбасы — шағын мемлекет.

Ата — бәйтерек.

Балалы үй — базар.

Ағасы бардың — жағасы бар,

Інісі бардың — тынысы бар.

Ана сүті бой өсіреді,

Ата тілі ой өсіреді.

Әке — асқар тау,

Ана — бұлақ,

Бала — жапырақ.

Сергіту сәті.

Саусақ жаттығуы.

— Отбасы туралы санамақ айтайық. (Балалар санамақ айтады).

— Балалар, әке, әже деген сөздер қай әріптен басталады? (Ә әрпінен).

— Ә әрпі қандай дыбыс? (Дауысты дыбыс).

— Ә әрпінен келетін сөздерді айта қойыңдар. (Әже, әке, әткеншек, әріп, Әсет).

— Тағы қандай сөздерде «Әә» әрпі бар екенін мына «Сикырлы кітаптан» көрейік. (Экраннан Әә әрпі туралы мультфильм көрсетіледі).

Дидактикалық ойын: «Адасқан әріптер».

Әріптер магниттік тақтада шашылып жапсырылады. Балаға әже, әке сөздері беріледі. Бала сол сөздің



құрамындағы әріптерді тез тауып, сөз құрастырады. Содан соң сөздерді буынға бөледі: ә-ке, ә-же...

Ойын: «Сұлбасын тап».

Экраннан ата, әже, әке, аналардың суреттері сұлбасымен беріледі. Балалар отбасы мүшелерін сұлбамен дұрыс сәйкестендіріп айтады.

— Балалар, отбасы туралы тақпақ білесіңдер ме? (Балалардың тақпағы).

«Мен ... жақсы көремін». Мнемo жолдарын құрастырып айту. Экраннан көрсетілген пиктограммалар арқылы балалар отбасын, отбасы мүшелерін жақсы көретіндерін айтады.

Білімпаз ата: Жарайсыңдар, балапандар! Мен сендердің білімдеріңе ризамын. Барлығың «Білімді балапан» марапатына лайықсыңдар. Келесі кездескенше, сау болыңдар! (Білімпаз ата, сау болыңыз!).

«ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ»



КУПЕНОВА Д.Н.,
Алматы қаласындағы МКҚК
№ 23 бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Әлеумет».

Оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу.

Мақсаты: Балалардың патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту. Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Адам өміріндегі ең қымбат құндылықты қастерлеуге баулу арқылы атамекеніне деген балаң сезімнің үлкен махаббатқа ұласуына жол ашу. Туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімге баулу.

Методикалық әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: Отан, Туған жер, мұнай, көмір, мақта, кереге, уық, шаңырақ.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы, рәміздері, әсем ғимараттары бейнеленген калалардың суреттері.

Полингвальды компонент: Отан-Родина-Motherland, мұнай-нефть-oil, бидай-пшеница-wheat, мақта-хлопок-cotton, көмір-уголь-coal, алма-яблоко-apple, күріш-рис-rice.

Балалар топқа «Жаса Қазақстан» әнінің әуенімен кіреді.

Шаттық шеңбері:

Балбұл жанған гүл шағында,
Біз Отанның ұланымыз.
Бақытты елдің құшағында,
Білім алу ұранымыз!
Біз өнерге, ұлы өмірге,
Гүл өмірге иеміз.

Көгімізді, көлімізді,
Елімізді сүйеміз!

— Балалар, қазір біз туған жерімізді аралап, саяхатқа шығамыз. Сендер туған жер дегенді қалай түсінесіңдер? (Туған жер, біздің туып-өскен жеріміз).

— Біз қай елде тұрамыз? Елордамыз қай қала? Еліміздің Президенті кім? Еліміздің Рәміздерін кім біледі? (Балалардың жауабы).

— Кім маған туған жер туралы тақпақ айтып береді? (Балалардың тақпағы).

— Өте жақсы! Қазір біз туған жеріміз Қазақстанның картасымен жұмыс жасаймыз. Еліміздің қандай калаларын білесіңдер? (Балалардың жауабы).

— Қарандаршы, біздің жеріміз қандай кең байтақ. Біздің еліміз, жеріміз орман мен көлдерге, кен орындарына, пайдалы қазбаларға өте бай. Ақтөбе мен Атырау өңірінде мұнай, газ, Қарағандыда көмір, темір өндіріледі. Қостанай, Павлодар өңірінде бидай өсіріледі. Қызылорда өңірінде күріш, егін жақсы өседі. Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығы жақсы дамыған. Алматы ең дәмді алмалар қаласы. Ал еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтан өзінің әдемі ғимараттарымен дүниежүзіне танылды. Нұр-Сұлтан қаласының қандай көрікті ғимараттарын білесіңдер? (Ханшатыр, Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайы, Тәуелсіздік сарайы, Ақ орда т.б.)

— Жарайсыңдар! Енді мына заттарға назар аударайық. (Тәрбиеші балаларға 3 столға қойылған мұнай, көмір, темір ағаш, әйнек, мақта, астық, күріш,



мал өнімдерінің қалай аталатынын, қасиетін, пайдасын сұрайды. Заттар туралы қысқаша түсінік беріп, балалардың білімін бекітеді).

— Мұнай Атырау өңірінде өндіріледі. Одан жанармай, көліктерге арналған май алады. Көліктер мұнайдан алынған жанармаймен жүреді. Көмір Қарағандыда шығарылады. Түсі қара, қатты. Ол жанады. Көмір бізге жылулық үшін қажет. Ағаштар біздің ормандарымызда, тауларымызда көп. Ағаш қатты болғандықтан олардан түрлі заттар, жиһаздар жасайды. Әйнек, қатты, мөлдір. Ол арқылы заттарды көруге болады. Мақта Шымкент өңірінде өсіріледі. Ол жұмсақ, түсі ақ. Мақтадан жіп жасалады. Жіптерден әртүрлі маталар тоқылады. Ал матадан киімдер және тұрмысқа қажетті заттар дайындайды. Күріш Қызылорда өңірінде өсіріледі. Ол қатты, түсі ақ. Күріштен әртүрлі дәмді тағамдар жасалады. Біздің елімізде мал шаруашылығы өте жақсы дамыған. Мал өнімдеріне ет, сүт, айран, қаймақ, май жатады. Мынау Алатау бөктерінде өсетін біздің ең дәмді, ең тәтті апорт алмамыз. Сондықтан біздің қаламыз Алма-ата деп аталған.

Сергіту сәті:

— Еліміздің таулары, жазық жайлаулары қандай керемет, әсем! Бұрын біздің ата-бабаларымыз осындай биік таулардың бөктерінде, жасыл кілемдей жайқалған жайлауларда тіршілік етіп мынандай киіз

үйлерде тұрған. Ол тез құрастырылып, тез жиналатын болғандықтан оны өздерімен алып жүруге өте ыңғайлы болған. Қане, сендермен осындай киіз үйді құрастырып көрейік. Мынау киіз үйдің керегелері, мынау шаңырақ, мынау уық деп аталады. Ал уықтар осы шаңыраққа кигізіліп, керегелерге байланады. Сыртынан мынандай киіз жабылатын болған. Сондықтан киіз үй деп атап кеткен.

— Біздің елімізде қандай ұлт өкілдері тұрады? (Орыс, татар, ұйғыр т.б.).

Тосын сәт: (Ата-аналардың келуі).

Ата-ана: Менің ұлтым қазақ. Біздің ұлттық тағамымыздың бірі — бауырсақ. Бауырсақ ұннан пісіріледі. (Бауырсақты көрсетеді).

Ата-ана: Менің ұлтым өзбек. Ұлттық тағамымыздың бірі — палау. Палау күріштен жасалады.

Ата-ана: Менің ұлтым орыс. Біздің ұлттық тағамымыздың бірі — құймақ. Құймақ ұннан пісіріледі.

— Балалар, біз өзіміздің Тәуелсіз елімізде туған жердің табиғатына тамсанып, таза ауасымен демаламыз. Емін-еркін асыр салып ойнап, білім аламыз. Туған жер бізге өзінің алтын қазынасын, сұлу табиғатын ұсынып отыр. Сондықтан біз туған жерімізді, Отанымызды әрқашан жақсы көріп, құрметтеуіміз керек.

Қорытынды.

«ҚАЗАҚСТАН — КЕҢ БАЙТАҚ, ТУҒАН ӨЛКЕМ!»



ДЖАНСЫКБАЕВА Д.Р.,
МКҚК № 23 бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Әлеумет».

Оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу.

Мақсаты: Балалардың өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Сөздерді байланыстырып сөйлеуді қалыптастыра отырып, туған жерге арналған тақпақтарды, мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету. Туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке баулу.

Методикалық әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, көрсету, түсіндіру.

Көрнекілік: Слайдтар, Қазақстан Республикасының картасы.

Шаттық шеңбері.

Балалар жалаушалармен залға кіреді.

Отан деген — атамекен,

Отан деген туған жер.

Отан — ана,

Отан — үлкен.

Қазақстан туған ел!

Әнұран орындалады.

— Отан біздің сүйікті отбасымызбен бірге тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, айналаны қоршаған табиғатымыз. Балалар, айтындаршы, біздің Отанымыз қалай аталады? (Балалардың жауабы).



Музыка әуенімен осы кезде Сақ ханшайымы келеді.

Ханшайым: Мен қай елге келдім? (Сіз Қазақстан еліне келдіңіз).

Ханшайым: Балалар, мен көне сақ тайпасының ханшайымымын.

— Ханшайым, қош келдіңіз! Біздің сыйлы қонағымыз болыңыз.

Ханшайым: Сендерге менің заманымдағы көне жәдігерлерді алып келдім. Осы жәдігерлер туралы не білесіңдер?

— Біздің балалар бәрін біледі, кане, көрсетіңіз. Айтып көрейік.

Торсық — теріден жасалған, ертоқымның басына ілуге ыңғайлы зат. Ол түрлі сусындар құюға арналған. Сусындар торсықта бір қалыпты күйде болады.

Тостаған — ағаштан жасалады. Оған қымыз, айран, шұбат құйып ішеді.

Кесе — қыштан жасалынған ыдыс.

Қасық — Ас ішу үшін қолданылатын ағаштан жасалынған бұйым.

Қамшы — қайыстан сегіз өрім болып өрілетін құрал.

Домбыра — сазды әуендер орындайтын музыкалық аспап.

Ханшайым: Тамаша! Бәрін біледі екенсіңдер. Мен сендерге киіз үй әкелдім.

Қазақ халқы қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіп қонған. Киіз үйді құрастырып, оны тез жинауға болатындықтан өздерімен бірге алып жүрген.

Осы киіз үйдің жабдықтарын білесіңдер ме?

— Балалар, алдымен мен сендерге осы киіз үй ту-

ралы айтып берейін. Ол негізгі төрт бөліктен тұрады. Негізгі бөлігі қасиетті шаңырақ, кереге. Кереге мен шаңырақты қосып тұратын уық, және есік. Киіз үйді киізден жасаған. Жабұмен жауып, ұлттық өрнекпен өрнектелген бау тағылады. Шаңырақты жауын шашыннан қорғайтын түндігі болады. Түндік түнгі уақытта, күннің суық мезгілінде шаңырақты жабатын жабу. Киіз үйдің ішін ою-өрнекпен көмкерілген түс киіз, текемет, сырмақтармен безендірген. Сондай-ақ, сандық, ағаш төсек, көрпе, жастықтар тәрізді заттармен толтырған.

Сергіту сәті.

— Халқымыз салт-дәстүрлерге бай. Қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер? Қане, кім айтады? (Балалардың жауабы).

«**Шілдехана**» — бала дүниеге келген кезде жасалынатын той. «Бесікке салу».

«**Қыркынан шығару**» — бала дүниеге келген қырық күннен кейін жасалынатын той.

«**Тұсау кесу**» — бала тәй-тәй басып алғаш қадам басқанда жасалынатын той. Тұсауын кескенде көк шөппен, ала жіппен, токішек пен кеседі.

«**Атқа мінгізу**» — баланың бұғанасы қатты деп, ат тізгінін тартты деп, атқа мінгізу тойын жасаған.

— Ал енді Отан туралы қандай мақал-мәтелдер, тақпақтар білесіңдер? Еліміздің қандай үлкен қалаларын атап айта аласыңдар?

(Балалар еліміздің ірі қалаларын, тақпақтар мен мақал-мәтелдерді айтады).

Картамен жұмыс.

Ән: «Атамекен».

Қорытынды.

«ҚЫЛҚАЛАМ» ЕЛІНЕ САЯХАТ



НАУРЗАЛИНА М.Б.,
Ақтөбе қаласындағы №47
«Нұр-Ай» балабақшасының
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Шығармашылық. Сурет салу.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Шығармашылық саласымен таныстыру.

Мақсаты: Балаларды күз мезгілін қылқаламмен бейнелей білуге үйрету. Жалпы шығармашылық сала-

сына деген қызығушылықтарын ояту. Балаларға тамаша көңіл-күй сыйлау.

Әдіс-тәсілдері: Сурет салу, қылқаламмен жұмыс.

Пән аралық байланыс: Құрастыру, жапсыру.

Шаттық шеңбері:



Қызыл, жасыл, сарысы,
Қолға кезек алынсын.
Қылқаламның көмегімен,
Алуан сурет салынсын.
Міне қандай көп еді,
Қылқаламның көмегі.
Ұстай біл де, сала біл,
Түрлі өрнек төгеді.

— Балалар, бүгін ерекше күн. Өйткені, «Қылқалам» әлемінен суретші келіп, сендерден көмек сұрамақшы. Суретшіге көмек беруге дайынбыз ба? (Иә).

Суретші: Сәлеметсіңдер ме, балалар. (Сәлеметсіз бе?).

Суретші: Балалар, қандай әдемісіңдер! Көңіл-күйлерің қалай? (Жаксы).

Суретші: Менің қолымда түрлі суреттер бар. Суретімді аяқтайын десем, түрлі-түсті майлы бояуларымды таба алмай тұрмын. Сол себепті сендерден көмек сұрап келдім. Майлы бояуларымды табу үшін бәріміз бірге саяхат жасайық. Ол үшін мына тапсырмаларды орындауларың керек. Сонда майлы бояу түстері табылып, суреттер түсі толықтана түседі.

1-тапсырма: Триз әдісімен алма бейнесін майлы

бояуларды пайдалана отырып, қылқаламмен салу. Тапсырманы орындап болғаннан соң себетке алма толтыру. Майлы бояудың қызыл түсін тауып орналастыру.

2-тапсырма: Алмұртты жасыл түсті губканы пайдалана отырып салу. Тапсырманы орындап болған соң, арбаға алмұртты орналастыру. Майлы бояудың жасыл түсін тауып орналастыру.

Ойын: «Шарбак».

Шарты: Фетрадан жасалған ағашқа алма, алмұртты, кірпіге ағаштан жасалған жемістерді орналастыру.

3-тапсырма: Өрікті желім жағу арқылы себелеу. Сонан соң өріктерді ыдысқа жинау. Майлы бояудың көк түсін тауып орналастыру.

4-тапсырма: Жапырақтың түсін тұз себелеу арқылы шығару. Талдарға жапырақты орналастыру. Майлы бояудың сары түсін орналастыру.

(Балалар тапсырмаларды мұқият орындайды).

Суретші: Балалар, суреттерімді толық аяқтадым. Енді оларды сендерге сыйлыққа қалдырамын. Өте өнерлі балалар екенсіздер. Рахмет! (Балалар суретшімен қоштасады. Тәрбиеші оқу қызметін қорытындылайды).

«АҢДАРДЫҢ ҚЫСҚЫ ТІРШІЛІГІ»



ИСАТАЕВА Эльмира
Зинелқарапқызы,
Орал қаласындағы
№12 «Аленушка»
бөбекжайының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстыру. Достыққа, мейірімділікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, құрылымдалған ойын, слайд, бейнетаспа.

Көрнекіліктер: Аңдардың суреттері, АКТ, сықырлы сандық, д/қ ойындар.

Шаттық шеңбері.

Күндей жарқырап,
Айдай арайлап.

Жұлдыздай жайнап,

Мөлдір таза көңілмен,

Бүгінгі күнімізді бастайық.


— Балалар, мен бүгін балабақшаға келе жатып сандық тауып алдым. Оның ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешуіміз керек.

Қыс бойы жатады,

Тәтті ұйқыға батады. (Аю).

Өзі ку, әрі айлакер,

Жүрген жері айқай да шу. (Түлкі).



Ит секілді пішіні,
Бірақ адамды ұнатпайды. (Қасқыр)
Көлеңкесінен қорқып, безектейді,
Ал оның баласын көжек дейді. (Қоян)
Бұтадан-бұтаға секірген,
Кішкентай ғана жануар. (Тиін).

— Балалар, жұмбақтардың шешуін тауып, сандықты аштық. Жабайы аңдарды босаттық. Жарайсындар, балалар!

— Мына суреттегі жануарларды жабайы аңдар деп айтамыз. Олар орманды мекендейді. Өз азықтарын өздері тауып жейді. Олар күннің ыстығында, суығында да далада жүріп өмір сүреді. Табиғатта жабайы аңдардың түрі көп.

Аю ақылды жыртқыш аң, бірақ ешкімге тиіспейді. Сұр аю орманды мекендейді. Жазда жеміс жидек тереді. Балалар аюдың екі түрі болады. Ақ аю және сұр аю. Ақ аю салқын жерлерді, сұр аю орманды мекендейді. Аюлар күзде май жинайды. Ал қыс бойы апанда ұйықтайды. Аюдың баласын қонжық дейді. Қасқыр жыртқыш аң. Тістері өткір, көздері қырағы, сезімтал. Өздеріне керек жемтіктерін алыстан сезеді. Қыста жортып жүріп азықтарын тауып жейді. Жабайы шошқа, қаз, үйректермен қоректенеді. Олар қыста ұйықтамайды. Қасқырдың баласын бөлтірік дейді. Түлкі ақылды, жыртқыш аң. Оның терісі өте бағалы. Терісінен тымақ тігеді. Оны түлкі тымақ дейді. Түлкі қыста ұйықтамайды, жортып жүріп азық тауып жейді. Тістері өткір, көздері қырағы, сезімтал. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп, кетіріп отырады. Ол кез келген қиыншылықтан аман-есен құтыла алады. Сондықтан

түлкіні қу дейді. Түлкі қоян, құстар, тышқандармен қоректенеді. Ол орманды мекендейді. Түлкінің баласын мышай деп атайды. Қоян қорқақ аң. Олар күзде түлейді. Сұр жүні түсіп, орнына ақ жүндер өседі. Қыста жылы аппақ үлпілдек тонын киеді. Сол жылы тонының арқасында суықтан тоңбайды. Оларды қыста ақ қардан ажырату қиын. Қояндар өздеріне үйшік дайындамайды. Қысқа азық жинамайды. Шөптермен, шөптің тамырларымен қоректенеді. Қоянның баласын көжек дейді. Ол ағаш бұталарында мекендейді. Тиін болса орманда тіршілік етеді. Ол кішкентай ғана жануар. Ағаштың қуысында тұрады. Жаз бойы қуысына жаңғақтар, саңырауқұлақтар жинайды. Қыс болғанда жинаған азығымен қоректенеді. Тиін қыста ұйықтамайды.

Сергіту сәті.

Құрылымдалған ойын: «Көлеңкесін тап».

Шарты: Аңдарды көлеңкелерімен сызық арқылы сәйкестендіру.

Кері байланыс:

— Балалар, сиқырлы сандықтың ішінен нелерді көрдік? (Жабайы аңдарды көрдік).

— Жабайы аңдар қайда мекендейді? (Орманда мекендейді).

— Олар өздерін құтқарғандарың үшін сендерге алғыстарын білдірді.

— Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? (Иә, ұнады).

— Жарайсындар балалар! Осымен бүгінгі оқу қызметіміз аяқталды.



«ИГРАЯ ИЗУЧАЕМ РУССКИЙ ЯЗЫК»



ХАЙРУШЕВА Гаухар

Дижановна,

преподаватель русского языка

1-категории детский сад

№10 «Құлыншақ»

г. Атырау

Для большинства дошкольников первым языком, на котором они учатся говорить, думать, общаться с окружающим, является родной. В то же время дети довольно рано приобщаются к русскому языку, слыша его везде: по телевидению, от взрослых, от детей, в детском саду. Большинство педагогов считают введение раннего обучения второму языку в дошкольных образовательных учреждениях правомерным, т.к. в дошкольном возрасте формируются базовые качества личности, закладываются основы физического, нравственного, умственного развития. В дошкольных организациях Казахстана осуществляется систематическое обучение детей русскому языку со второй младшей группы (3-4 года) детского сада. Цель — формирование готовности к изучению русского языка, стремление к общению со взрослыми. Задачами являются — учить детей воспринимать и понимать названия игрушек, предметов быта, некоторых животных; учить понимать вопрос: «Что это?», «Кто это?» учить отвечать на вопрос в виде короткого или полного предложения. Основные задачи, которые должны быть реализованы в детском саду, согласно программам обучения и воспитания в процессе воспитательно — образовательной работы по обучению детей дошкольного возраста русскому языку следующие: формирование устойчивого, заинтересованного уважительного отношения к языку; обучение правильному произношению гласных и согласных звуков; формирование элементарной диалогической и монологической речи; воспитание культуры общения; обогащение и активизация словаря.

Русский язык дети осваивают через развитие связной речи, воспитание звуковой культуры речи, словарную работу, формирование грамматической стороны речи. Обучение правильному произношению звуков может быть успешным в том случае, если дети научатся самостоятельно контролировать свое произношение и как можно раньше отличать корректное от некорректного. Большую роль в формировании навыков правильного произношения играют песни и выразительное чтение стихов на русском языке, которые я успешно применяю в практике. Песни и

стихи также служат и для создания благоприятного эмоционального настроя, средством релаксации и выполняют развивающие функции, содействуя эстетическому воспитанию детей и раскрытию их творческих способностей. Разучивание песен, стихов, рифмовок призвано поддержать интерес детей к изучению языка и закрепить новые произношения. Например, изучение русскому языку проходит в форме увлекательных игр, с использованием игрового, песенного материала, видео и аудио оборудования, наглядных пособий. Дети знакомятся с миром русского звука, слов, произносят свои первые слова. Для обучения детей русскому языку я применяю самые эффективные инновационные методы и ставлю такие цели и задачи: формирование коммуникативной личности через эффективное использование инновационных технологий при изучении русского языка. Формирование коммуникативной функции речи, способствованию усвоению языка, развитие мышления, зрительного и слухового внимания. Умения составлять предложения из 3-х, 4-х слов, умение оценивать результаты собственной деятельности; привитие нравственного отношения к окружающей среде; развитие речи. Сформирование у детей здорового образа жизни; воспитание у дошкольников организованности, самостоятельности; всестороннее развитие детей.

Существует немало инновационных технологий и методов, которые я использую рационально и умело для изучения языка детьми. Они приносят положительные результаты. Использование художественной литературы развивает культуру речи, формирование элементарной диалогической и монологической речи, активизацию словаря. Игровые методики — при обучении русскому языку использую познавательные, логические игры, сюжетные игры, игровые ситуации и драматизацию. В процессе игровой деятельности и драматизации дети получают новые знания, развивают навыки и умения, необходимые в учебной деятельности, повышается интерес, самостоятельная активность детей. Играя, дети учатся говорить и понимать педагога.

Дошкольное воспитание и обучение как первый



уровень системы непрерывного образования создает условия для формирования и развития личности ребенка, способного успешно адаптироваться в современном постоянно меняющемся мире. Дидактические игры как своеобразное средство обучения, отвечающее особенностям, включаются во все системы дошкольного воспитания. Первые дидактические игры были созданы народной педагогикой. В них много веселых шуток, юмора и в то же время они требуют от детей напряженной умственной работы, соревнования в сообразительности, внимания. Сущность дидактических игр заключается в том, что дети решают умственные задачи, предложенные им в занимательной форме, сами находят решения, преодолевая при этом определенные трудности. Ребенок воспринимает умственную задачу, как практическую, игровую, это повышает его умственную активность. В дидактической игре формируется познавательная деятельность ребенка, проявляются особенности этой деятельности. В старшем дошкольном возрасте на базе игровых интересов создаются интеллектуальные игры. Очень велико значение дидактической игры для умственного воспитания детей. В играх с игрушками, разными предметами, с картинками у ребенка происходит накопление чувственного опыта. Разбирая и складывая картинки, подбирая парные картинки, он учится различать и называть размер, форму, цвет и другие признаки предметов. Увлекательные дидактические игры создают у дошкольников интерес к решению умственных задач: успешный результат умственного усилия, преодоление трудностей приносит им удовлетворение. Увлечение игрой повышает способность к произвольному вниманию, обостряет наблюдательность, помогает быстрому и прочному запоминанию. Все это делает дидактическую игру важным средством подготовки детей к школе. Целенаправленная работа по активации речевой деятельности детей обеспечивает не только интенсивное речевое общение, но и взаимопонимание детей друг другом, повышает самооценки, проявление собственной активности каждым ребенком.

Как важно взрослым понять, что значит игра в жизни ребенка. С помощью игры можно повлиять на внутренний мир малыша: научив его многим важным для взрослой жизни вещам, освободить от существующих комплексов и страхов, да и просто стать чуть ближе к ребенку. Когда ребенок встречает истинное понимание и принятие своего естественного состояния игры — он преодолевает свои внутренние конфликты, психологический дискомфорт, и становится способным к личностному росту и развитию.

Игра — это волшебная палочка, с помощью которой можно научить ребенка читать, считать, писать, а главное — думать, рассуждать, изобретать, доказывать. Игра — это не только развитие, но и общение с

детьми. Дети особенно тянутся к людям, которых они любят.

Главная цель при обучении русскому языку — формирование и развитие коммуникативных речевых навыков и умений. Поэтому театральная деятельность, являющаяся точной моделью общения, может оказать неоценимую помощь. Тем более что театр можно рассматривать как форму обучения диалогическому общению. Кроме того, театр — это игра, как известно, основной механизм развития личности ребенка. Удачным является использование театральных кукол на занятиях, где основным видом деятельности является беседа или рассказывания. Это вызывает активность детей. Им приходится перестраивать свою речь, непосредственно обращаться к персонажу, что способствует обобщению знаний. Драматизация является серьезным подспорьем при изучении русского языка. После участия ребенка в сказках, инсценировках усиливается его интерес к русскому языку. В процессе подготовки дети запоминают все роли: и свои, и чужие, стараются помочь друг другу.

